

Тұжырымдамаларды, ұлттық жобаларды, доктриналарды (стратегияларды), мемлекеттік бағдарламаларды, кешенді жоспарларды, жол карталарын әзірлеу, іске асыру, түзету және мониторингтеу тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы № 260 бұйрығы.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 25.09.2025 № 235 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 92-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 25.09.2025 № 235 бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Тұжырымдамаларды, ұлттық жобаларды, доктриналарды (стратегияларды), мемлекеттік бағдарламаларды, кешенді жоспарларды, жол карталарын әзірлеу, іске асыру, түзету және мониторингтеу тәртібі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 25.09.2025 № 235 бұйрығымен.

2. Стратегиялық талдау және даму департаменті:

1) осы бұйрықты мүдделі тұлғалардың назарына жеткізсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

Н. Байбазаров

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрінің
2024 жылғы 29 қазандағы
№ 260 бұйрығымен
бекітілген

Тұжырымдамаларды, ұлттық жобаларды, доктриналарды (стратегияларды), мемлекеттік бағдарламаларды, кешенді жоспарларды, жол карталарын әзірлеу, іске асыру, түзету және мониторингтеу тәртібі

Ескерту. Тәртібі жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 25.09.2025 № 235 бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тұжырымдамаларды, ұлттық жобаларды, доктриналарды (стратегияларды), мемлекеттік бағдарламаларды, кешенді жоспарларды, жол карталарын әзірлеу, іске асыру, түзету және мониторингтеу тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің (бұдан әрі – МЖЖ) 92-тармағына сәйкес әзірленді және тұжырымдамаларды, ұлттық жобаларды, доктриналарды (стратегияларды), мемлекеттік бағдарламаларды, кешенді жоспарларды, жол карталарын (бұдан әрі – құжаттар) әзірлеу, іске асыру, түзету және мониторинг жүргізу тәртібін айқындайды.

Осы Тәртіптің ережелері мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және мемлекеттік органның басшы лауазымды адамдарының тапсырмаларының іске асырылуын ішкі бақылау үшін әзірлейтін, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 38-бабына сәйкес қызметтік сипаттағы құжаттардан туындайтын ұйымдық-техникалық сипаттағы құжаттарға (жол картасы, егжей-тегжейлі жоспар, шаралар жоспары, іс-қимыл алгоритмі, арнаулы бағдарлама, кешенді бағдарлама, ұйымдастыру іс-шаралары жоспары, мастер-жоспар, интеграциялау жоспары және өзге де құжаттар) қолданылмайды."

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.06.2026 № 158 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әзірлеуші мемлекеттік орган – құжатты әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган;

2) бірлесіп орындаушы – құжатты әзірлеу және іске асыру бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасасу үшін тартылатын, қойылған мақсаттарға, міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу қызметтеріне байланысты болатын және өз өкілеттіктері шегінде оларға қол жеткізу үшін жауапты орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдар;

3) жоспарлы кезең – тиісті құжат әзірленетін кезең;

4) күтілетін нәтиже – құжатты іске асыруды аяқтау мерзіміне қарай қол жеткізілетін белгілі бір саладағы/аядағы оң өзгерістерді сипаттайтын сапалық және/немесе сандық көрсеткіш;

5) мақсат – қол жеткізілуі тиісті құжаттың іске асырылуын қамтамасыз ететін жоспарлы кезеңнің соңына қарай белгілі бір саланың/аяның, тиісті аумақтың қалаулы болашақ жай-күйі;

6) міндет – мақсатқа жету үшін орындалатын, жағдайды талдаудың негізінде қалыптастырылатын және жоспарлы кезеңнің соңына қарай қызмет саласындағы негізгі өзгерістерді көруге мүмкіндік беретін негізгі шарттар;

7) нәтиже көрсеткіші – міндетті шешу деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін санмен өлшенетін көрсеткіш;

8) нысаналы индикатор – мақсатқа қол жеткізудегі ілгерілеу деңгейін немесе оның болмауын өлшеуге мүмкіндік беретін сандық мәні.

3. Әзірлеу процесі құжатқа бастама жасаудан, ағымдағы жағдайды талдаудан, пайым қалыптастырудан, басымдықтарды, мақсаттарды, нысаналы индикаторларды, міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштерін, оларға қол жеткізу жолдарын, ресурстық қамтамасыз етілуін айқындаудан, сондай-ақ қарым-қатынас, келісу, бекіту және белгіленген заңнамалық тәртіпте жариялаудан тұрады.

Кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын құжаттарды әзірлеу "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының ережелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

4. Тиісті құжатты әзірлеу қажеттігінің шарттары МЖЖ-ның 9-тарауының ережелерінде айқындалған.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.06.2026 № 158 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Құжаттарды әзірлеу кезінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу және Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 2-бабының 3-тармағын басшылыққа алу қажет.

6. Қол жетімділігі шектеулі ақпаратты қамтитын құжаттарды қоспағанда, құжаттарды әзірлеу кезінде талқылауға қажет болған жағдайда мүдделі мемлекеттік органдардың, ғылыми-зерттеу ұйымдарының қызметкерлері, азаматтық қоғамның, бизнестің өкілдері, сарапшылар тартылады.

7. Әзірлеуші мемлекеттік орган құжат бекітілгеннен кейін бір ай мерзімде осы Тәртіпке 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысаналы индикаторларды және (немесе) нәтижелер көрсеткіштерін есептеу әдістемесін әзірлейді және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі және мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша бекітеді.

8. Мемлекеттік жоспарлау, мемлекеттік статистика саласында жөніндегі уәкілетті органдар жоба келісуге келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде нысаналы

индикаторларды және (немесе) тиісті құжаттар нәтижелерінің көрсеткіштерін есептеу әдістемелерінің жобаларын қарайды.

9. Әзірлеуші мемлекеттік орган өзінің интернет-ресурсында бекітілген құжатты және нысаналы индикаторларды және (немесе) нәтижелер көрсеткіштерін есептеу әдістемесін жариялауды қамтамасыз етеді.

10. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 14 шілдедегі № 183 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6394 болып тіркелген) Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары шеңберінде әзірлеуші орган әзірлеген және бекіткен әкімшілік көрсеткіштерді есептеу әдістемелеріне сәйкес есептелетін нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері бойынша;

2) мемлекеттік органдардың, астананың облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың даму жоспарларына енгізілген және олар бойынша бекітілген есептеу әдістемелері бар нысаналы индикаторлар, нәтижелер көрсеткіштері бойынша;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген МЖЖ қолданысқа енгізілгенге дейін қабылданған құжаттардың нысаналы индикаторлары мен нәтижелер көрсеткіштері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 15 тамыздағы № 632 қаулысының редакциясында нысаналы индикаторларды және (немесе) нәтижелер көрсеткіштерін есептеу әдістемелерін әзірлеу талап етілмейді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.06.2026 № 158 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Іске асыру нысаналы индикаторлар және нәтижелер көрсеткіштері түрінде белгіленген құжатта белгіленген күтілетін нәтижелерге қол жеткізу процесі болып табылады.

12. Түзету бекітілген құжатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу процесін білдіреді.

Құжаттарды іске асырудың соңғы жылында мақсаттарды, нысаналы индикаторларды, міндеттерді және нәтижелер көрсеткіштерін түзетуге жол берілмейді.

13. Мониторинг құжатта белгіленген шаралардың/іс-әрекеттердің орындалуын және берілген күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді бақылау процесі ретінде құжаттың іске асырылу барысы туралы есепті және басқа ақпаратты жинауды, жүйелеуді, талдауды және жинақтауды қамтиды.

14. Мыналар:

1) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органның ресми статистикалық ақпараты, әкімшілік деректер, мемлекеттік органдардың ведомстволық статистикалық бақылаулары;

2) халықаралық статистика, оның ішінде халықаралық рейтингтер, Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мақсаттарының нәтижелері;

3) мониторингтеудің қорытындылары, оның ішінде жобалау басқармасының жедел мониторингінің нәтижелері, МЖЖ құжаттарын, өзге де жоспарлау құжаттарын іске асыру туралы есептер мен қорытындылар, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізілетін қоғамдық мониторингтің нәтижелері;

4) бюджеттердің атқарылуы туралы есептер;

5) әлеуметтік зерттеулер, сауалнамалар, тәуелсіз сарапшылардың қорытындылары;

6) басқа да көздер құжаттарды талдау, әзірлеу және мониторингтеу үшін ақпарат көздері болып табылады.

15. Саланың/аяның жағдайына талдау жүргізу кезінде әдістердің бірі ретінде SWOT-талдау пайдаланылады.

16. Қажет болған жағдайда мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітілген бюджет шегінде объектілерге/жобаларға бару арқылы тұжырымдамалардың, ұлттық жобалардың, мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына көшпелі мониторингті жүзеге асырады.

Көшпелі мониторинг нәтижелері есепті кезеңде көрсетілген құжаттарды іске асыру қорытындылары туралы жиынтық ақпаратқа енгізіледі.

17. Құжаттарды іске асыруды қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Құжаттарды қаржыландырудың болжамды көлемі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын, жоспарлы кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің параметрлерін ескере отырып айқындалады.

2-тарау. Тұжырымдамаларды әзірлеу, іске асыру, түзету және мониторингтеу тәртібі

18. Тұжырымдама нақты саланы/аяны (кемінде 5 жыл кезеңге) дамытудың жүйелі қайта құруларының, сондай-ақ оларды іске асыру жөніндегі негізгі қағидаттар мен тәсілдердің пайымын айқындайтын құжат болып табылады.

19. Тұжырымдаманың құрылымы келесі бөлімдерден тұрады:

1) паспорт;

2) ағымдағы жағдайды талдау;

3) халықаралық тәжірибеге шолу;

4) нақты саланы/аяны дамыту пайымы;

5) дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері (міндеттері/бағыттары бойынша);

6) нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер;

7) тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары.

20. "Паспорт" бөлімінде мыналарды:

1) атауы;

2) әзірлеу үшін негіздеме (Қазақстан Республикасы Президентінің, Президент Әкімшілігі Басшысының, Премьер-Министрінің іске асырылуы тұжырымдаманы әзірлеуді қамтамасыз ететін тапсырмаларының деректемелері (нөмірі, күні, атауы, бар болса тармағы);

3) әзірлеуші мемлекеттік органның және бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдардың атауы;

4) іске асыру мерзімдерін қамтитын негізгі параметрлер баяндалады.

21. "Ағымдағы жағдайды талдау" бөлімінде саланың/аяның ағымдағы жағдайын бағалау, сондай-ақ негізгі проблемалар мен үрдістер сипатталған.

22. "Халықаралық тәжірибеге шолу" бөлімінде Қазақстан жағдайында қолдануға ұсынылатын ұқсас мәселелерді шешу бойынша әлемдік тәжірибенің оң тәжірибесін талдау көрсетіледі.

23. "Белгілі бір саланы/аяны дамыту пайымы" бөлімінде белгілі бір саланы/аяны дамыту пайымы сипатталған.

24. "Дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері (міндеттері/бағыттары бойынша)" бөлімінде қойылған міндеттер немесе бағыттар бөлінісінде нақты саланы/аяны дамытудың қағидаттары мен тәсілдері баяндалады.

25. "Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер" бөлімінде тұжырымдаманы іске асыру нәтижесінде қол жеткізілетін тұжырымдама мақсаттарына қол жеткізуді және (немесе) белгілі бір салада/аясында оң өзгерістерді сипаттайтын индикаторлар және (немесе) күтілетін нәтижелер көрсетіледі.

Бұл ретте күтілетін нәтижелер тұжырымдаманы іске асыруды аяқтау мерзіміне сапалық және/немесе сандық түрде тұжырымдалады.

26. Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимылдар жоспары (бұдан әрі – іс-қимылдар жоспары) тұжырымдаманың ажырамас бөлігі болып табылады және нысаналы индикаторларға уақтылы және толыққанды қол жеткізу және күтілетін нәтижелерді алу үшін тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимылдарды ұйымдастыру және үйлестіру мақсатында әзірленеді.

27. Іс-қимылдар жоспары жетекшілік ететін салада/аяда нысаналы индикаторларға және күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін аса маңызды түйінді реформалардың/негізгі іс-шаралардың тізбесін, оларды аяқтау мерзімдерін, жауапты орындаушыларды, іске асырудың бүкіл кезеңіне қаржыландыру көлемі мен көздерін қамтиды.

Іс-қимылдар жоспарының іс-шаралары тұжырымдамада көрсетілген тәсілдермен байланыстырылады.

28. Тұжырымдамада пайдаланылған терминдер мен анықтамаларды нақтылау барысында олардың мағынасын түсіндіретін кіші бөлім көзделеді.

29. Үкіметтің құрылымына кіретін мемлекеттік органдар әзірлейтін тұжырымдамаларды Үкімет не мемлекеттік органның бірінші басшысы бекітеді.

30. Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беретін мемлекеттік органдар әзірлейтін тұжырымдамаларды Қазақстан Республикасының Президенті немесе оның уәкілеттік беруімен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша мемлекеттік органның бірінші басшысы бекітеді.

31. Президенттің тапсырмасы бойынша әзірленетін тұжырымдамаларды Қазақстан Республикасының Президенті немесе оның уәкілеттік беруімен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

32. Тұжырымдаманы іске асыру іс-қимылдар жоспарын орындау арқылы жүзеге асырылады.

33. Іс-қимылдар жоспарын тұжырымдаманы іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде осы Тәртіпке 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірлеуші мемлекеттік орган әзірлейді.

34. Іс-қимыл жоспарлары тұжырымдамаға қосымша түрінде ресімделеді.

Үкіметтің құрылымына кіретін мемлекеттік органдар әзірлейтін және Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін тұжырымдамалар бойынша оларды іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

35. Тұжырымдаманың нысаналы индикаторларына қол жеткізуге жауапты әзірлеуші мемлекеттік орган мен бірлесіп орындаушылар өз бюджеттерінде тұжырымдамада қойылған мақсаттарға, міндеттерге, нысаналы индикаторлар қол жеткізу үшін қажетті қаражатты көздейді.

36. Тұжырымдаманы іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 301/НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33199 болып тіркелген) Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларына және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 13 қаңтардағы № 2 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26582 болып тіркелген) Мемлекеттік органдарды жобалық басқарудың үлгілік регламентіне сәйкес (бұдан әрі – Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидалары және Үлгілік регламент) жобалық басқару тәсілі қолданылуы мүмкін.

37. Тұжырымдама мен іс-қимыл жоспарын тиімді және уақтылы іске асыру үшін әзірлеуші мемлекеттік орган мен бірлесіп орындаушылар жоспарлы кезең бойы өз өкілеттіктері шегінде мыналарды жүргізеді:

тәуекелдерді талдау – тұжырымдаманың іске асырылу барысына әсер ететін және жоспарланған мақсаттарға, нысаналы индикаторларға қол жеткізуге кедергі келтіретін ықтимал тәуекелдерді қадағалайды;

тәуекелдерді басқару – жоспарланған мақсаттарға, нысаналы индикаторларға қол жеткізбеу ықтималдығы күшейген немесе тәуекел басталған жағдайда қажетті іс-шараларды (оның ішінде бұрын жоспарланған) жүзеге асырады.

38. Тұжырымдаманы және оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын түзету үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмалары негіз болып табылады.

39. Тұжырымдаманы түзету тұжырымдаманы әзірлеу процесі үшін белгіленген талаптар ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

40. Тұжырымдаманы мониторингтеу жылдың қорытындысы бойынша жылына бір рет әзірлеуші мемлекеттік орган мен бірлесіп орындаушылардың ақпараты негізінде қалыптастырылған тұжырымдаманы іске асыру туралы есеп түрінде жүргізіледі.

41. Бірлесіп орындаушылар өз құзыреті шегінде әзірлеуші мемлекеттік органға есепті жылдан кейінгі жылғы 1 сәуірге дейін тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы ақпаратты ұсынады.

42. Әзірлеуші мемлекеттік орган алынған ақпарат негізінде тұжырымдаманы іске асыру туралы есепті қалыптастырады және есепті жылдан кейінгі жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді және оны өзінің интернет-ресурсында (қол жеткізілуі шектеулі ақпаратты қоспағанда) орналастырады.

43. Тұжырымдаманы іске асыру туралы есепті бірлесіп орындаушылар және әзірлеуші мемлекеттік орган осы Тәртіпке 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырады.

44. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган есепті жылдан кейінгі жылғы 15 маусымға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің аппаратына есепті жылы тұжырымдамаларды іске асырудың қорытындысы туралы жиынтық ақпаратты жібереді.

45. Тұжырымдамаларды мониторингтеу нәтижелерінің толықтығын, сапасын, дұрыстығын және уақтылы ұсынылуын іске асыруға жауапты әзірлеуші мемлекеттік органдар мен бірлесіп орындаушылар қамтамасыз етеді.

3-тарау. Ұлттық жобаларды әзірлеу, іске асыру, түзету және мониторингтеу тәртібі

46. Ұлттық жоба Қазақстан Республикасы Президентінің және (немесе) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тікелей тапсырмасы бойынша ұлттық деңгейдегі аса маңызды міндеттерді шектеулі мерзімдерде шешу мақсатында әзірленеді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

47. Ұлттық жобаның табысты іске асырылуы ұлттық жобаның негізгі мақсатына жоғары ықтималдықпен қол жеткізуге мүмкіндік беретін іс-шаралар кешенінен тұрады.

Әлеуетті ұлттық жобаның өзіне тән ерекшелігі нәтиженің ұлттық жобаның тиісті іс-шараларын іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар тікелей қадағаламайтын факторларға төмен тәуелділігі болып табылады.

48. Ұлттық жоба мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) бөлуге жоспарланған жеткілікті ресурстарды ескере отырып, нақтылық немесе оның нақты және өлшенетін нәтиже алуға бағыттылығы: міндеттерді тұжырымдаудың анықтығы; қойылған міндеттерге қол жеткізуге арналған іс-шаралардың толықтығы; бағыттардың, міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштерінің, сондай-ақ жобаны іске асырудың жоспар-кестесі іс-шараларының бұлыңғыр тұжырымдалуының болмауы; нақты іске асыру мерзімдерінің болуы;

2) белгіленген шектеулі мерзімде күтілетін нәтиже көрсеткішіне қол жеткізу немесе қол жеткізу мүмкіндігі: күтілетін нәтиже көрсеткішіне жоғары ықтималдылық дәрежесімен және қолда бар ресурстық базаның негізінде қол жеткізеді; нәтиже көрсеткіштері қойылған міндеттердің мазмұнымен және белгіленген мерзімдермен үйлестірілген, әлеуетті тәуекелдер талданған;

3) ел ауқымындағы әлеуметтік-экономикалық әсердің маңыздылығы немесе қамтамасыз етілуі: халықтың өмір сүру сапасы мен қауіпсіздігі немесе бизнес жүргізу жағдайларының елеулі оң өзгерістерге қол жеткізіледі; нақты проблемалар шешіледі және/немесе жекелеген реформаларды іске асыру жүзеге асырылады; нәтижелер елдің барлық/көптеген өңірлеріне релевантты;

4) жауапкершілік пен мүмкіндіктердің арақатынасы: ұлттық жобаны іске асыруға жауапты лауазымды тұлғалардың дербес жауаптылығын бекіту; жобаны сәтті және уақтылы іске асыру үшін қажетті өкілеттіктерді бекіту.

49. Ұлттық жобаны дайындау кезінде бағыттар, міндеттер және нәтижелер көрсеткіштері, сондай-ақ ұлттық жобаны іске асыру жоспар-кестесі іс-шараларының тұжырымдауларында бұлыңғырлыққа жол берілмейді.

50. Ұлттық жоба осы Тәртіпке 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірленеді және мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) паспорт;
- 2) ағымдағы жағдай;
- 3) мақсат, міндеттер және нәтижелер көрсеткіштері;
- 4) әлеуметтік-экономикалық әсер, игілік алушылар үшін пайдасы;
- 5) ресурстар;
- 6) жауапкершілік пен өкілеттіктерді бөлу.

51. Ұлттық жобаның "Паспорт" деген бөлімінде мыналарды қамтитын негізгі параметрлер баяндалады:

- 1) атауы;
- 2) әзірлеу үшін негіздеме;
- 3) ұлттық жобаны әзірлеу мақсаты;
- 4) іске асыру мерзімі;
- 5) күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсері, игілік алушыларға пайдасы;
- 6) ұлттық жобаны іске асыру үшін қажетті қаржыландыру көлемі;

- 7) ұлттық жобаны әзірлеуші-мемлекеттік органның атауы;
- 8) ұлттық жобаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың атауы;
- 9) ұлттық жобаның жетекшісі мен кураторы.

Ұлттық жобаның кураторын Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі айқындайды.

52. "Ағымдағы жағдай" бөлімінде саланың/аяның ағымдағы жай-күйін талдау және оның даму үрдістері мен факторларын бағалау көрсетіледі, оны іске асыруға байланысты тәуекелдер және осы тәуекелдерге ден қою жөніндегі стратегиялар анықталады.

53. "Мақсат, міндеттер және нәтижелер көрсеткіштері" бөлімінде ұлттық жобаны әзірлеудің негізгі мақсаты және саланы/аяны, елді дамытуға неғұрлым жоғары әлеуметтік-экономикалық әсер ететін міндеттер мен салааралық/аяаралық сипаттағы проблемаларды шешу жолдары айқындалады.

54. "Әлеуметтік-экономикалық әсер, игілік алушыларға пайдасы" бөлімінде әлеуметтік және экономикалық әсер түрінде күтілетін нәтиже туралы ақпарат көрсетіледі.

Әлеуметтік әсер ұлттық жобаның игілік алушыларының күтулеріне сәйкес келетін әлеуметтік маңызы бар нәтиже болып табылады. Ұлттық жобаның күтілетін әлеуметтік әсері ұлттық жоба бағдарланған игілік алушылар санатына және осы ұлттық жобаның қанағаттандыруы болжанатын міндетке қарай айқындалады.

Экономикалық әсер – бастапқы және жаңа технологияларды енгізу, ұйымдастырушылық-экономикалық іс-шаралардың, оның ішінде ұсынылған мемлекеттік қолдау шаралары мен инвестициялар тарту нәтижесінде алынған қорытынды арасындағы экономикалық нәтижені немесе өсімді айқындайтын көрсеткіш.

55. "Ресурстар" бөлімінде ұлттық жобаны іске асыруға арналған ресурстардың (қаржылық, адами, ақпараттық және басқалар) қажетті көлемі және оларды қаржыландыру көздері айқындалады.

56. Ұлттық жобаны қаржыландыру көздері:

- 1) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты;
- 2) мемлекеттік қарыздар;
- 3) мемлекет кепілдігімен тартылатын мемлекеттік емес қарыздар;
- 4) тікелей шетелдік және отандық инвестициялар;

5) халықаралық қаржы-экономикалық ұйымдардың немесе донор елдердің гранттары;

- 6) екінші деңгейдегі банктердің кредиттері;
- 7) ұйымдардың өз қаражаты;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздер болып табылады.

Болжанып отырған қаржыландыру көлемі әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, жоспарлы кезеңге арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің параметрлері ескеріле отырып айқындалады.

57. "Жауапкершілік пен өкілеттіктерді бөлу" бөлімінде Үлгілік регламентке сәйкес ұлттық жобаның нәтижелер көрсеткіштері мен міндеттеріне қол жеткізбегені үшін дербес жауаптылық бекітіледі.

58. Ұлттық жобаға осы Тәртіпке 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұлттық жобаны іске асыру жоспар-кестесі қоса беріледі.

59. Ұлттық жобалық офис (бұдан әрі – Офис) мемлекеттік органдардың жобалық офистерімен бірлесіп, ұлттық жобаны іске асыру жоспар-кестесінің іс-шараларын нақтылауды және ұлттық жобаны іске асырудың төмен тұрған кезеңдерінде жеке жауаптылықты белгілеуді қамтамасыз етеді.

60. Ұлттық жобаның әзірленген жобасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келісу рәсімінен өтеді.

61. Қажет болған жағдайда әзірлеуші мемлекеттік орган қаржыландыру сомасын мақұлдау үшін ұлттық жобаның жобасын Республикалық бюджет комиссиясының отырысына шығаруды қамтамасыз етеді.

62. Ұлттық жобаны әзірлеуші мемлекеттік орган ұлттық жобаға мемлекеттік игілік алушылардың санаттары (халық, бизнес, мемлекет), өлшем бірліктері, игілік алушылар үшін маңыздылығы, әлеуметтік және экономикалық әсерлер бойынша мәндер мен көрсеткіштер серпіні, өткен кезеңдермен салыстырулар көрсетіле отырып, нәтижелер көрсеткіштері мен әлеуметтік және экономикалық әсерлер бойынша көрсеткіштердің есептемелерін қоса береді.

63. Ұлттық жобаны іске асыру Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидалары мен Үлгілік регламентке сәйкес Офистің және тиісті мемлекеттік органдардың жобалық офистерінің қызметі шеңберінде ұлттық жобаны іске асыру жоспар-кестесін орындау жолымен жүзеге асырылады.

64. Ұлттық жобаның жобасын жалпы үйлестіруді, әзірлеу мен іске асырудың уақтылылығын ұлттық жобаның кураторы жүзеге асырады.

65. Ұлттық жобаның уақтылы және сапалы орындалуын бақылау жедел және жыл сайынғы мониторинг жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

66. Ұлттық жобалардың іске асырылуын жедел мониторингтеу Үлгілік регламентте белгіленген талаптарға сәйкес Офис жүзеге асырады.

67. Ұлттық жобаны жедел мониторингтеуді жүргізу кезінде:

оны жүзеге асыру барысы анықталады;

ұлттық жобаны және онымен байланысты жобалау қызметін іске асыру процесін түзету жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі (қажет болған жағдайда);

бекітілген жауапты тұлғалардың өзектілігі тексеріледі.

68. Жедел мониторингтеудің нәтижелерін Офис ай сайын қалыптастырады, сондай-ақ қажеттігіне қарай, бірақ кемінде жарты жылда бір рет кураторға ұсынылады.

69. Жылдың қорытындысы бойынша мониторинг жүргізу кезінде әзірлеуші мемлекеттік орган және бірлесіп орындаушылар ұлттық жобаның іске асырылуы туралы есеп қалыптастырады.

70. Ұлттық жобаны іске асыруға қатысатын бірлесіп орындаушылар өз құзыреті шегінде ұлттық жобаның іске асырылу барысы туралы ақпаратты әзірлеуші мемлекеттік органға есепті жылдан кейінгі жылғы 1 сәуірге дейін ұсынады.

71. Әзірлеуші мемлекеттік орган ұлттық жобаны іске асыру туралы есепті қалыптастырады және оны есепті кезеңнен кейінгі жылғы 1 мамырға дейін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді, сондай-ақ оны өзінің интернет-ресурсында (қол жеткізілуі шектеулі ақпаратты қоспағанда) орналастырады.

72. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган есепті жылдан кейінгі жылғы 15 маусымға дейінгі мерзімде есепті жылы ұлттық жобаларды іске асырудың қорытындысы туралы жиынтық ақпаратты Үкімет аппаратына жолдайды.

73. Ұлттық жобаны іске асырудың соңғы жылы аяқталғаннан кейін ұлттық жобаның нәтижелер көрсеткіштеріне толық қол жеткізілген жағдайда, ұлттық жобаны әзірлеуші ұлттық жобаны іске асырудың аяқталғаны туралы қорытынды есеп дайындайды.

74. Қорытынды есеп ұлттық жоба қолданысының соңғы жылындағы іске асыру жөніндегі ақпаратты да, іске асыру туралы есептің талдамалық жазбасындағы ұлттық жоба қолданысының бүкіл кезеңі үшін жинақталған ақпаратты қамтиды.

75. Ұлттық жобаның іске асырылуы жөніндегі жыл сайынғы есеп осы Тәртіпке 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

76. Ұлттық жобаны түзетуге Қазақстан Республикасы Президентінің және (немесе) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша жол беріледі және ұлттық жобаны әзірлеу процесі үшін белгіленген талаптар ескеріле отырып, жүзеге асырылады.

77. Ұлттық жоба түзетілген жағдайда "Паспорт" бөлімінде ұлттық жобаға түзетулер енгізілген құқықтық акт, сондай-ақ ұлттық жобаны іске асыру үшін бөлінген қаржыландыру көлемі қосымша көрсетіледі.

4-тарау. Доктриналарды (стратегияларды) әзірлеу, іске асыру, түзету және мониторингтеу тәртібі

78. Доктрина (стратегия) қауіпсіздік, сыртқы және ішкі саясат саласындағы, сондай-ақ ел дамуының қоғамдық маңызы бар мәселелері бойынша мемлекеттік саясаттың жалпыұлттық ұстанымдарын, ортақ көзқарастарын, стратегиялық бағытын тұжырымдау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша әзірленеді.

79. Доктринаның (стратегияның) құрылымы мынадай бөлімдері қамтиды:

1. кіріспе;

2. ағымдағы ахуалды талдау;

3. негізгі ережелер: белгілі бір мәселе бойынша дамудың мақсаттары мен қағидаттары, пайымы мен тәсілдері;

4. қорытынды.

80. Доктрина (стратегия) жобасының мазмұны тұжырымдауда бұлыңғырсыз, қысқаша және анық баяндалуы тиіс.

81. Доктриналарды (стратегияны) әзірлеу кезінде қол жеткізілуі шектеулі ақпаратты қамтитын құжаттарды қоспағанда, қажет болғанда ғылыми-зерттеу ұйымдары, ғалымдар, сарапшылар, түрлі білім салаларының мамандары тартылады.

82. "Кіріспе" бөлімінде доктринаны (стратегияны) әзірлеудің негіздемесі мен қажеттігі көрсетіледі, оның мәні ашылып жазылады.

83. "Ағымдағы ахуалды талдау" бөлімінде белгілі бір салалардағы қолданыстағы мемлекеттік саясаттың қалыптасқан көзқарастар жүйесін, қағидаттары мен бағыттарын талдау көрсетіледі.

84. "Негізгі ережелер" бөлімінде мемлекеттік саясатты жүргізудің мақсаттары, қағидаттары, бағыттары, тәсілдері мен нысандары айқындалады, сондай-ақ оларды таңдаудың негіздемесі келтіріледі.

Доктрина (стратегия) мақсаттарында белгілі бір мәселеде істердің түпкілікті қалаулы жағдайы көрсетіледі.

Доктрина (стратегия) қағидаттарында мемлекеттік саясаттың ұсынылып отырған бағдарын іске асырудың негіздері мен қағидалары белгіленеді.

Белгілі бір мәселе бойынша дамуды пайымдау осы мәселенің қағидаттарын, көзқарастарын білдіреді.

Белгілі бір мәселе бойынша даму тәсілдері алға қойылған мақсатқа қол жеткізу әдістерін, болжанатын (ықтимал) жолдарын білдіреді.

85. "Қорытынды" бөлімінде доктринаны (стратегияны) іске асыру нәтижесінде елдің және қоғамның дамуында күтілетін оң өзгерістер көрсетілген жалпы тұжырымдар қамтылады.

86. Доктринаның (стратегияның) жобасы әзірлеу сатысында мүдделі мемлекеттік органдармен келісіледі.

87. Мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген доктринаның (стратегияның) жобасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге жіберіледі.

88. Доктриналарды (стратегияларды) іске асыру әзірлеуші мемлекеттік органдардың, бірлесіп орындаушылардың өз бюджеттерінде көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

89. Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша Үкімет тиісті орта мерзімді кезеңге арналған доктриналарды (стратегияларды) іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарларын әзірлеп, бекітуі мүмкін.

90. Доктринаға (стратегияға) өзгерістер мен толықтырулар енгізуді Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша әзірлеуші мемлекеттік орган оны әзірлеу үшін белгіленген талаптарды ескере отырып, жүзеге асырады.

5-тарау. Мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру, түзету және мониторингтеу тәртібі

91. Мемлекеттік бағдарламалар Қазақстан Республикасы Президентінің және (немесе) Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша дамудың идеологиялық, нормативтік аспектілеріне әсер ететін жеке саясатты іске асырудың мақсаттарын, міндеттері мен тәсілдерін айқындау үшін 5 жылдан аспайтын мерзімге әзірленеді.

92. Мемлекеттік бағдарламаның жобасын әзірлеу мынадай талаптар ескеріле отырып жүзеге асырылды:

1) салааралық, аяаралық және ведомствоаралық сипаттағы міндеттерді, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар міндеттерді шешуге бағдарланған;

2) игілік алушылардың мақсатты тобының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағдарланған;

3) қаржы ресурстары мен оларды қамтамасыз ету көздерінің теңгерімділігін қамтамасыз етеді;

4) қысқаша және түсінікті түрде беріледі.

93. Мемлекеттік бағдарламаның құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

1) паспорт;

2) ағымдағы жағдайды талдау;

3) мақсаттар, міндеттер, тәсілдер және іске асыру мерзімдері;

4) қажетті ресурстар.

94. "Паспорт" бөлімінде мемлекеттік бағдарламаның негізгі параметрлері, оның ішінде:

1) атауы;

2) әзірлеуге негіздеме (Қазақстан Республикасы Президентінің және (немесе) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмаларының деректемелері (нөмірі, күні, болған жағдайда тармақтары);

3) әзірлеуші-мемлекеттік органның және бірлесіп орындаушының атауы;

4) мақсаттары;

5) міндеттері;

6) іске асыру тәсілдері мен мерзімдері;

7) қаржыландыру көздері мен көлемі көрсетіледі.

95. "Ағымдағы жағдайды талдау" бөлімінде қызмет саласының/аясының жай-күйінің ағымдағы жағдайын бағалау, сондай-ақ негізгі проблемалар, тенденциялар көрсетіледі.

96. "Мақсаттар, міндеттер, тәсілдер және іске асыру мерзімдері" бөлімінде мемлекеттік бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нақты шаралары түріндегі тәсілдері мен оларды іске асыру мерзімдері көрсетіледі.

97. Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты қызмет саласының жоспарлы кезеңнің соңына қарай жай-күйін болжау және оны осы бағытта дамытудың сапалы бағдары болып табылады.

98. Мемлекеттік бағдарламаның тиісті мақсатына қол жеткізу үшін міндеттер айқындалды, олардың орындалуы жоспарлы кезең нәтижелері бойынша тиісті бағыттар бойынша негізгі өзгерістерді қамтамасыз етеді.

99. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру тәсілдері әрбір мақсатқа қол жеткізуді және әрбір міндетті шешуді толық және жедел қамтамасыз ететін шаралар жүйесін қамтиды.

100. "Қажетті ресурстар" бөлімінде мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін қаржы ресурстарының қажетті көлемі және оны қаржыландыру көздері айқындалады.

101. Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуші мемлекеттік орган мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде, осы Тәртіпке 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірлейді.

102. Мемлекеттік бағдарлама жауапты орындаушылардың жоспарланған іс-шараларды орындауы арқылы іске асырылады.

103. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру кезінде Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларына және Үлгілік регламентке сәйкес жобалық басқару тәсілі қолданылуы мүмкін.

104. Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылу мониторингін Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты мемлекеттік бағдарлама іс-шараларының орындалу барысы туралы әзірлеуші мемлекеттік орган және бірлесіп орындаушы ұсынатын ақпарат негізінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпаратты беру мерзімдері мен кезеңділігін Қазақстан Республикасының Үкіметі құқықтық актінің қаулы бөлігінде белгілейді.

105. Мемлекеттік бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар (түзету) енгізуді әзірлеуші-мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің немесе Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының тапсырмалары бойынша мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу процесі үшін белгіленген талаптарды ескере отырып енгізеді.

6-тарау. Кешенді жоспарларды әзірлеу, іске асыру, түзету және мониторингтеу тәртібі

106. Кешенді жоспар Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша маңызды салалық мәселелерді жедел шешу үшін 5 жылдан аспайтын мерзімге әзірленеді.

107. Кешенді жоспардың құрылымы мыналарды:

- 1) паспорт;
- 2) күтілетін нәтижелерді;
- 3) іс-шараларды (нақты іс-әрекеттер);
- 4) іс-шаралардың аяқталу нысанын;
- 5) іс-шаралардың орындалу мерзімдерін;
- 6) жауапты орындаушыларды;
- 7) қаржыландыру көлемін;
- 8) қаржыландыру көздерін қамтиды.

108. Кешенді жоспардың жобасын әзірлеу мынадай талаптар ескеріле отырып жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмаларын іске асыруға бағытталған іс-шаралардың (нақты іс-қимылдың) мерзімдері, қаржы ресурстары, аяқталу нысандары және орындаушылары бойынша келісілген жүйені қамтиды;

2) шаралардың атаулылығын, оларды іске асыру мерзімдері мен дәйектілігін нақты айқындауды, орындаушылар қызметінің мақсаттарға қол жеткізуге қатаң бағдарлануын қамтамасыз етеді.

109. Паспортта мыналарды:

1) атауын;

2) әзірлеу үшін негіздемесі (Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Премьер-Министрінің тапсырмаларының деректемелері);

3) іске асыру мерзімдерін;

4) әзірлеуші мемлекеттік органның және бірлесіп орындаушылардың атауын;

5) негізгі проблемалар мен олардың шешілуі бойынша міндеттерді көрсете отырып, кешенді жоспарды қабылдау қажеттілігі туралы қысқаша ақпаратты қамтитын кешенді жоспардың негізгі параметрлері жазылады.

110. Кешенді жоспар кешенді жоспарды іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде осы Тәртіпке 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

111. Кешенді жоспардың жобасы әзірлеу сатысында мүдделі мемлекеттік органдармен келісіледі.

112. Келісілгеннен кейін кешенді жоспардың жобасын әзірлеуші мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізеді.

113. Кешенді жоспардың іске асырылуын кешенді жоспардың іс-шараларын орындауға жауапты мемлекеттік органдар, ведомстволық бағынысты ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері белгіленген мерзімде қамтамасыз етеді.

114. Кешенді жоспардың іске асырылуын мониторингтеуді әзірлеуші мемлекеттік орган ұсынатын кешенді жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпараттың негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты жүзеге асырады.

115. Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты беру мерзімдері және кезеңділігін Қазақстан Республикасының Үкіметі құқықтық актінің қаулы бөлігінде белгіленеді.

116. Кешенді жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді (түзетуді) әзірлеуші мемлекеттік орган оны әзірлеу үшін белгіленген талаптарды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша жүзеге асырады.

7-тарау. Жол карталарын әзірлеу, іске асыру, түзету және мониторингтеу тәртібі

117. Жол карталары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының және (немесе) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі орынбасарларының тапсырмасы бойынша ведомствоаралық сипаттағы қызметтің жекелеген бағыттары бойынша 3 жылдан аспайтын мерзімге әзірленеді.

Мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын жедел орындауды талап ететін мәселелер бойынша жол карталарын әзірлей алады және мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының бірлескен бұйрықтарымен бекітіледі.

118. Жол картасының құрылымы кесте нысанында болады және мыналарды:

- 1) күтілетін нәтижелерді;
- 2) іс-шараларды (нақты іс-қимылдарды);
- 3) іс-шараларды аяқтау нысанын;
- 4) іс-шараларды орындау мерзімдерін;
- 5) жауапты орындаушыларды/бірлесіп орындаушыларды;
- 6) қаржыландыру көлемін;
- 7) қаржыландыру көзін қамтиды.

Жол картасының жобасы жол картасын іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде осы Тәртіпке 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

119. Жол картасының жобасын әзірлеу мынадай талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының және (немесе) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарларының тапсырмаларын іске асыруға бағытталған мерзімдер, қаржы ресурстары және орындаушылар бойынша келісілген іс-шаралар (нақты іс-қимылдар) жүйесін қамтиды;

2) шаралардың атаулылығын, оларды іске асыру мерзімдері мен дәйектілігін нақты айқындауды, орындаушылар қызметінің мақсаттарға қол жеткізуге қатаң бағдарлануын қамтамасыз етеді.

120. Жол карталары МЖЖ-ның 89-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі орынбасарларының шешімдерімен, орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының бірлескен бұйрықтарымен бекітіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмалары бойынша әзірленген және бес немесе одан да көп мемлекеттік органдардың құзыретін қозғайтын жол карталары осы салаға/аяға жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі орынбасарларының шешімімен бекітіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмалары бойынша әзірленген және кемінде бес мемлекеттік органның құзыретін қозғайтын жол карталары мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының бірлескен бұйрықтарымен бекітіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының тапсырмалары бойынша әзірленген жол карталары осы салаға/аяға жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі орынбасарларының шешімімен бекітіледі.

121. Жол картасының жобасы әзірлеу сатысында мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен және мүдделі мемлекеттік органдармен келісіледі.

122. Жол карталары бекітілгеннен кейін жауапты мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

123. Жол карталарын іске асыру мониторингін әзірлеуші мемлекеттік орган ұсынатын жол карталары іс-шараларының орындалуы туралы есеп негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты жүзеге асырады.

124. Жол карталарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді (түзетуді) әзірлеуші мемлекеттік орган жол карталарын әзірлеу процесі үшін белгіленген талаптарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының және/немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша жүзеге асырады.

Тұжырымдамаларды, ұлттық
жобаларды, доктриналарды
(стратегияларды), мемлекеттік
бағдарламаларды, кешенді
жоспарларды, жол карталарын

Нысан

(атауы)

нысаналы индикаторларды және (немесе) нәтижелер көрсеткіштерін есептеу әдістемесі

1-бөлім. Есептеуге жататын нысаналы индикаторлардың және (немесе) нәтижелер көрсеткіштерінің тізбесі

№	Нысаналы индикатордың және (немесе) нәтиже көрсеткішнің атауы	Өлшем бірлігі	Деректердің түрлері (халықаралық статистика, ресми статистикалық ақпарат, әкімшілік деректер)	Дереккөздері (ақпараттық жүйе, жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар, ведомстволық статистикалық байқаулар, әлеуметтанулық зерттеулер мен сауалнамалар негізінде алынған ресми статистикалық ақпарат)
1.	...			
2.	...			
3.	...			

2-бөлім. _____ (атауы) нысаналы индикаторды және (немесе) нәтиже көрсеткішін есептеу алгоритмі

1.	Нысаналы индикатордың немесе нәтиже көрсеткішінің анықтамасы	
2.	Нысаналы индикатор немесе нәтиже көрсеткіші бойынша жедел, алдын-ала және есептік деректерді қалыптастыру кезеңділігі мен мерзімдері	
3.	Нысаналы индикатор немесе нәтиже көрсеткіші бойынша (болған жағдайда) ақпараттық жүйеге сілтемені және есептік деректерді орналастыру орнын көрсете отырып, (веб-сайтқа және ақпараттық жүйеге сілтемені көрсете отырып) ақпарат көздері	
4.	Өлшем бірлігін көрсете отырып, есеп-қисаптың егжей-тегжейлі және айқын бірізділігін көрсете отырып, нысаналы индикатордың	

	немесе нәтиже көрсеткішінің алгоритмі	
4.1	республикалық деңгейде	
4.2	жергілікті деңгейде (қажет болған жағдайда облыстық/аудандық/қалалық деңгейлерде көрсету)	

Ескертпе: 2-бөлім әрбір нысаналы индикатор және (немесе) нәтиже көрсеткіші үшін жеке нысан бойынша толтырылады.

Нысаналы индикаторларды
және (немесе) нәтижелер
көрсеткіштерін есептеу
әдістемесінің нысанына
қосымша

Нысаналы индикаторларды және (немесе) нәтижелер көрсеткіштерін есептеу әдістемесін толтыру бойынша түсіндірмелер

Нысаналы индикаторларды және (немесе) нәтижелер көрсеткіштерін есептеу әдістемесі келесі тәртіппен толтырылады:

1. "(атауы)" деген жол бойынша нысаналы индикаторларын және (немесе) нәтиже көрсеткіштерін есептеу ұсынылатын құжаттың атауы көрсетіледі.

2. "Есептеуге жататын нысаналы индикаторлардың және (немесе) нәтижелер көрсеткіштерінің тізбесі" деген 1-бөлімде:

1) "№" деген 1-бағанда нысаналы индикаторлардың және (немесе) нәтижелер көрсеткіштері атауының реттік нөмірі көрсетіледі;

2) "Нысаналы индикатордың және (немесе) нәтиже көрсеткішінің атауы" деген 2-бағанда есептеуге жататын нысаналы индикаторлардың және (немесе) нәтижелер көрсеткіштерінің атауы көрсетіледі;

3) "Өлшем бірлігі" деген 3-бағанда нысаналы индикаторлар және (немесе) нәтижелер көрсеткіштерінің өлшем бірліктері көрсетіледі;

4) "Деректер түрлері (халықаралық статистика, ресми статистикалық ақпарат, әкімшілік деректер)" деген 4-бағанда деректердің түрі көрсетіледі;

5) "Дереккөздері (ақпараттық жүйе, жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар, ведомстволық статистикалық байқаулар, әлеуметтанулық зерттеулер мен сауалнамалар негізінде алынған ресми статистикалық ақпарат)" деген 5-бағанда дереккөзі көрсетіледі.

3. "Нысаналы индикатор және (немесе) нәтиже көрсеткішті есептеу алгоритмі" деген 2-бөлімі мынадай тәртіппен толтырылады:

1) "атауы" деген жол бойынша нысаналы индикатордың және (немесе) нәтиже көрсеткіштің атауы көрсетіледі;

2) "Нысаналы индикатордың және (немесе) нәтиже көрсеткішінің анықтамасы" деген 1-бағанда нысаналы индикатордың немесе нәтиже көрсеткішінің мәнін түсіндіретін анықтама көрсетіледі.

Мысалы: ЖІӨ өсуі – бұл елдің экономикалық өсу деңгейінің көрсеткіші;

3) "Нысаналы индикатор немесе нәтиже көрсеткіші бойынша жедел, алдын-ала және есептік деректерді қалыптастыру кезеңділігі мен мерзімдері" деген 2-бағанда нысаналы индикатор және (немесе) нәтиже көрсеткіші бойынша жедел, алдын-ала және есептік деректерді қалыптастыру кезеңділігі мен мерзімдері көрсетіледі;

4) "Нысаналы индикатор немесе нәтиже көрсеткіші бойынша (болған жағдайда) ақпараттық жүйеге сілтемені және есептік деректерді орналастыру орнын көрсете отырып, (веб-сайтқа және ақпараттық жүйеге сілтемені көрсете отырып) ақпарат көздері" деген 3-бағанда нысаналы индикатор немесе нәтиже көрсеткіші бойынша есептік деректерді орналастыру орны болған кезде, веб-сайтқа және ақпараттық жүйеге сілтемені көрсетумен, есептің/деректердің анықтығына көз жеткізуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйеге сілтемені көрсете отырып, ақпарат көздері, сондай-ақ формула құратын дереккөздері көрсетіледі;

5) "Өлшем бірлігін көрсете отырып, есеп-қисаптың егжей-тегжейлі және айқын бірізділігін көрсете отырып, нысаналы индикатордың немесе нәтиже көрсеткішінің алгоритмі" деген 4-бағанда формула құраушы бойынша егжей-тегжейлі және айқын бірізділікті және түсіндірмелерді көрсетумен және өлшем бірлігін көрсете отырып, нысаналы индикатордың немесе нәтиже көрсеткіштің есептеу формуласы көрсетіледі;

6) "республикалық деңгейде" деген 4.1-бағанда бүкіл елді қамтитын нысаналы индикаторының немесе нәтиже көрсеткішінің есеп-қисабы көрсетіледі.

Мысалы: ЖІӨ өсуі (елдің экономикалық өсуінің жалпылама көрсеткіші);

7) "жергілікті деңгейде (қажет болған жағдайда облыстық/аудандық/ қалалық деңгейлерде көрсету)" деген 4.2-бағанда өңірді қамтитын нысаналы индикатордың немесе нәтиже көрсеткішінің есеп-қисабы көрсетіледі.

Мысалы: ЖӨӨ өсуі (өңірдің экономикалық өсуінің жалпылама көрсеткіші).

Тұжырымдамаларды, ұлттық
жобаларды, доктриналарды
(стратегияларды), мемлекеттік
бағдарламаларды, кешенді
жоспарларды, жол карталарын
әзірлеу, іске асыру, түзету және
мониторингтеу тәртібіне
2-қосымша

Нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.06.2026 № 158 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушы	Қаржыландыр у көлемі	Қаржыландыр у көзі
1	2	3	4	5	6	7
1-бағыт						
	1-нысаналы индикатор					
1	Реформалар/ негізгі іс-шаралар					
...						
n	Реформалар/ негізгі іс-шаралар					
	n-нысаналы индикатор					
n+1	Реформалар/ негізгі іс-шаралар					
....						
N	Реформалар/ негізгі іс-шаралар					
n-бағыты						
	1-нысаналы индикатор					
						

Тұжырымдаманы іске асыру
жөніндегі іс-қимыл жоспарының
нысанына қосымша

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын толтыру бойынша түсіндірмелер

Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары былайша толтырылады:

- 1) "(атауы)" деген жол бойынша тұжырымдаманың толық атауы көрсетіледі;
- 2) "№" деген 1-бағанда тұжырымдаманың реформаларының/негізгі іс-шараларының реттік нөмірі көрсетіледі;
- 3) "Атауы" деген 2-бағанда міндеттер/бағыттар бөлінісіндегі реформалардың/негізгі іс-шаралардың атауы келтіріледі.

Нысаналы индикаторлар тұжырымдаманың "Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер" бөлімінің реттілігі негізге алына отырып жазылады. Нысаналы индикаторлардың мәндері жылдар бойынша көрсетіледі;

Егер көзделген реформалар/негізгі іс-шаралар бойынша аяқталу нысаны жоғары тұрған органдарға хабарлау болып табылған жағдайда, онда осы реформалардың/негізгі іс-шаралардың орындалу мерзімдері бір-біріне сәйкес келеді және жалпы іс-қимыл жоспары бойынша жоғары тұрған органдарға хабарлау кезеңділігі жылына екі реттен аспайды;

6) "Жауапты орындаушылар" деген 5-бағанда тұжырымдаманың нысаналы индикаторларына қол жеткізуге, жоспарланған реформалар мен негізгі іс-шараларды іске асыруға жауапты орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, ведомстволық бағынысты ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсетіледі;

8) "Қаржыландыру көзі" деген 7-бағанда осы іс-шараны қаржыландыру көзі көрсетіледі: республикалық, жергілікті бюджеттердің қаражаттары, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған бюджеттен тыс және басқа да көздер.

Нысан

(атауы) тұжырымдаманы іске асыру туралы есеп

Есепті кезең

Бекітілген

Мемлекеттік орган

1-бөлім. Іс-шараларды іске асыру барысы туралы ақпарат

№	Атауы	Аяқтау нысаны/ өлшем бірлігі	Жауапты орындаушылар	Орындалуы туралы акпарат		Бөлінген қаражаттың игерілуі		Орындалу барысы
				жоспар	факт	жоспар	факт	

1	2	3	4	5	6	7	8	9
1-нысаналы индикатор								
1	Реформала р/негізгі іс-шаралар							
...								
n	Реформала р/негізгі іс-шаралар							
n-нысаналы индикатор								
n+1	Реформала р/негізгі іс-шаралар							
...								
N	Реформала р/негізгі іс-шаралар							

2-бөлім. Ішкі және сыртқы әсерді талдау

Ішкі және сыртқы әсер ету факторлары және олардың нысаналы индикаторларға/күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге әсері	Қабылданған шаралар
1	2
Ішкі факторлар:	
.....	
Сыртқы факторлар:	
.....	

3-бөлім. Талдамалық жазба

Тұжырымдаманы іске
асыру туралы есеп нысанына
қосымша

Тұжырымдаманы іске асыру туралы есепті толтыру бойынша түсіндірмелер

Тұжырымдаманы іске асыру туралы есеп былайша толтырылады.

1. "(Атауы)" деген жол бойынша тұжырымдаманың толық атауы көрсетіледі.

2. "Есепті кезең" деген жолда қорытындылары бойынша есеп берілетін кезең көрсетіледі.

3. "Бекітілген" деген жолда тұжырымдама бекітілген құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

4. "Мемлекеттік орган" деген жолда есеп жасайтын және ұсынатын мемлекеттік органның атауы көрсетіледі.

5. "Тұжырымдаманы іске асыру барысы туралы ақпарат" 1-бөлімі:

1) "№" деген 1-бағанда реформаның/негізгі іс-шараның реттік нөмірі көрсетіледі;

2) "Атауы" деген 2-бағанда:

"Нысаналы индикатор" деген жолда тұжырымдаманың нысаналы индикаторларының атаулары көрсетіледі;

"Реформалар/негізгі іс-шаралар" деген жолда тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимылдар жоспарына сәйкес келетін реформалар/негізгі іс-шаралар көрсетіледі;

3) "Аяқтау нысаны/өлшем бірлігі" деген 3-бағанда реформаны/негізгі іс-шараны аяқтау нысаны немесе нысаналы индикаторлардың өлшем бірлігі көрсетіледі;

4) "Жауапты орындаушылар" деген 4-бағанда нысаналы индикаторларға қол жеткізуге және тұжырымдама реформасын/негізгі іс-шарасын орындауға жауапты мемлекеттік органдар мен бірлесіп орындаушылар көрсетіледі;

5) "Іс шаралардың орындалуы" деген негізгі бағанның "жоспар" деген 5-бағанда және "факт" деген 6-бағанда:

"Нысаналы индикатор" деген жолда тұжырымдамада бекітілген нысаналы индикаторлардың жоспарлы мәндері және көрсеткіштердің нақты қол жеткізілген мәндері көрсетіледі;

"Реформалар/негізгі іс-шаралар" деген жолда көзделген іс-шаралардың жоспарлы және іс жүзінде қол жеткізілген мәндері көрсетіледі;

Мысалы, объектілер құрылысын немесе пайдалануға берілуі көзделген іс-шараларда тұжырымдамада бекітілген жоспарға сәйкес объектілер саны және іс жүзінде салынған/пайдалануға берілген объектілер саны көрсетіледі.

Сандық көрсеткіштер көзделген іс-шаралар үшін бұл бағандар толтырылмайды.

6) "Бөлінген қаражаттың игерілуі" деген негізгі бағанның "жоспар" деген 7 және "факт" деген 8-бағандары тұжырымдамада іс-шараны іске асыру үшін көзделген жоспарланған және іс-жүзінде игерілген қаражатты көрсете отырып, "Реформалар/негізгі іс-шаралар" деген жол бойынша толтырылады;

7) "Орындалу барысы" деген 9-бағанда:

"Нысаналы индикатор" деген жолда нысаналы индикаторлардың нақты және жоспарлы мәндерінің сәйкес келмеу себептері туралы қысқаша ақпарат келтіріле отырып, "Қол жеткізілді", "Қол жеткізілмеді" деп көрсетіледі;

"Реформалар/негізгі іс-шаралар" деген жолда орындалмау немесе ішінара орындалу себептері туралы қысқаша ақпарат келтіріле отырып, реформалар/негізгі іс-шаралардың орындалу мәртебесі ("Орындалды", "Орындалмады" немесе "Ішінара орындалды") көрсетіледі.

6. "Ішкі және сыртқы әсерді талдау" 2-бөлімі:

1) "Ішкі және сыртқы әсер ету факторлары және олардың нысаналы индикаторларға /күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге әсері" деген 1-бағанда ішкі және сыртқы факторлар жеке және олардың көрсеткіштерге қол жеткізуге оң немесе теріс әсер етуі көрсетіледі;

2) "Қабылданған шаралар" деген 2-бағанда теріс салдарларды еңсеру және (немесе) сыртқы факторлардың көрсеткіштерге қол жеткізуге оң әсерін пайдалану жөнінде

оларға қол жеткізуге жауапты мемлекеттік органның қабылдаған нақты шаралары туралы ақпарат келтіріледі.

7. Есепте талдамалық жазба қамтылған. Талдамалық жазбада мыналар:
шешіміне тұжырымдама бағытталған проблемалар мен міндеттердің шешілу дәрежесі туралы, оның іске асырылуының елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері туралы ақпарат;
күтілетін нәтижелерге қол жеткізу барысы туралы ақпарат;
орындалмаған іс-шаралардың өңірдегі, елдегі, саладағы/аядағы әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдайға әсері туралы ақпарат қамтылған.

Тұжырымдамаларды, ұлттық жобаларды, доктриналарды (стратегияларды), мемлекеттік бағдарламаларды, кешенді жоспарларды, жол карталарын әзірлеу, іске асыру, түзету және мониторингтеу тәртібіне
4-қосымша

Нысан

_____ (атауы) Ұлттық жоба

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.06.2026 № 158 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Паспорт

1. Атауы	
2. Әзірлеу үшін негіздеме	
3. Ұлттық жобаны әзірлеу мақсаты	
4. Іске асыру мерзімі	
5. Күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсер, игілік алушыларға пайдасы	
күтілетін экономикалық әсер (сандық көріністе)	
күтілетін әлеуметтік әсер (сапалық және/немесе сандық көріністе)	
6. Ұлттық жобаны іске асыруға қажетті қаржыландыру көлемі	
7. Ұлттық жобаны әзірлеушінің атауы	
8. Ұлттық жобаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың атауы	
9. Ұлттық жобаның жетекшісі және кураторы	

2. Ағымдағы жағдай

3. Мақсат, міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштері

№	Атауы	Өлшем бірлігі/	Ақпарат көзі	Ағымдағы	Нәтиже көрсеткіштері (жоспар), жылдар бойынша				

№	Атауы	Аяқталу нысаны	Көзі	Алдыңғы жыл фактісі	жылғы бағалау	202Ү	202Ү	202Ү	202Ү	202Ү
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Мақсат										
1-бағыт (қажет болған жағдайда):										
№1 міндет										
	№ 1 көрсеткіш									
	№ n көрсеткіш									
№ n міндет										
	№ 1 көрсеткіш									
	№ n көрсеткіш									
n бағыт (қажет болған жағдайда):										
№1 міндет										
	№ 1 көрсеткіш									
	№ n көрсеткіш									
№ n міндет										
	№ 1 көрсеткіш									
	№ n көрсеткіш									

4. Өлеуметтік-экономикалық әсер, игілік алушыларға пайдасы

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Жылдар бойынша болжамды мәндер				
			20ҮҮ	20ҮҮ	20ҮҮ	20ҮҮ	20ҮҮ
1	2	3	4	5	6	7	8
	Өлеуметтік әсер						
	Экономикал ық әсер						
	оның ішінде :						

	жұмыс орындарын құру						
	тұрақты						
	уақытша						

5. Ресурстар

№	Міндеттердің атауы	Қажетті қаражат (жылдар бойынша) млн теңге					Барлық қаржыландыру	Қаржыландыру көзі		
		202Ү	202Ү	202Ү	202Ү	202Ү		республикалық бюджет	жергілікті бюджет	бюджеттен тыс қаражат
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
	№ 1 міндет									
	№ n міндет									
	Барлығы, оның ішінде көздердің түрлері бойынша									
	республикалық бюджет								*	*
	жергілікті бюджет							*		*
	бюджеттен тыс қаражат							*	*	

6. Жауапкершілік пен өкілеттіктерді бөлу

№	Атауы	Жауапты (лауазымды тұлға)	Өкілеттіктер
1	2	3	4
	міндет		
	нәтиже көрсеткіші		

Ұлттық жобаның
нысанына қосымша

Ұлттық жобаны толтыру бойынша түсіндірмелер

1. Ұлттық жобаның "1. Паспорт" деген бөлімінде мыналарды қамтитын негізгі параметрлер баяндалады:

1) "Атауы" деген жолда ұлттық жоспардың толық атауы көрсетіледі;

2) "Әзірлеу үшін негіздеме" деген жолда Қазақстан Республикасының Президенті немесе Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі тапсырмаларының деректемелері (бар болса нөмірі, күні, тармағы) көрсетіледі;

3) "Ұлттық жобаны әзірлеу мақсаты" деген жол бойынша ұлттық жобаны әзірлеудің негізгі мақсаты көрсетіледі;

4) "Іске асыру мерзімі" деген жолда ұлттық жоспар әзірленетін жоспарлы кезең көрсетіледі;

5) Күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсер, игілік алушыларға пайдасы жол бойынша жеке толтырылады:

"күтілетін экономикалық әсер (сандық көріністе)";

"күтілетін әлеуметтік әсер (сапалық және/немесе сандық көріністе)";

6) "Ұлттық жобаны іске асыру үшін қажетті қаржыландыру көлемі" деген жолда ұлттық жобаны іске асыруға қажетті жалпы қаржыландыру көлемі миллион теңгеде көрсетіледі.

Ұлттық жоба түзетілген жағдайда аталған жолда ұлттық жобаны іске асыру үшін бөлінген қаржыландыру көлемі қосымша көрсетіледі.

7) "Ұлттық жобаны әзірлеуші мемлекеттік органның атауы" деген жолда ұлттық жоспарды әзірлеуші мемлекеттік органның толық атауы көрсетіледі;

8) "Ұлттық жобаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың атауы" деген жолда ұлттық жобаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың атауы көрсетіледі;

9) "Ұлттық жобаның жетекшісі мен кураторы" деген жолда ұлттық жобаның жетекшісі мен кураторы көрсетіледі.

Ұлттық жобаны әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе ұлттық жобаны әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның бірінші басшысының орынбасары ұлттық жобаның басшысы болып айқындалады.

Ұлттық жобаның кураторын Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі айқындайды.

2. "2. Ағымдағы жағдай" деген бөлімде мәтіндік нысанда саланың/аяның ағымдағы жай-күйін талдау және оның даму үдерістері мен факторларын бағалау көрсетіледі, оны іске асыруға байланысты тәуекелдер және осы тәуекелдерге ден қою жөніндегі стратегиялар анықталады.

3. "3. Мақсаты, міндеттері және нәтижелер көрсеткіштері" деген бөлім келесідей түрде толтырылады:

1) "Мақсат", "Бағыт (қажет болған жағдайда)" және "Міндеттер" деген жолдарда ұлттық жобада белгіленген проблемаларды шешуге және тиісті салада/аяда түйінді өзгерістерді қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық жобаның мақсаты, бағыттары, міндеттері көрсетіледі.

Біртекті сипаттағы міндеттерді іске асыру жағдайында оларды бағыттар бойынша топтастыруға жол беріледі.

Міндеттерді анықтау мынадай:

өзіндік сипаты мен нақтылық (бір мағыналы түсіндірмесі бар нақты тұжырымдардан тұрады);

өлшенгіштік (тексеру мүмкіндігі, нәтиженің өлшенгіштігінің сипаттамасы және қызмет нәтижелерінің нақты көрсеткіштерін айқындау);

қолжетімділік (ұлттық жобаны іске асыру кезеңінде қойылған міндеттерді орындау мүмкіндігі, олардың қалай және қандай жағдайда орындалатындығы, ресурстармен қамтамасыз етілуі туралы нақты түсініктің болуы);

уақыттың шектеулілігі (міндет белгіленген мерзімде шешіледі);

релеванттылығы (міндет жоғары тұрған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге үлес қосады) өлшемшарттары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Міндеттер жиынтығы мынадай қағидаттарға сәйкес келеді:

қажеттілік – қойылған міндеттерге қол жеткізу ұлттық жобаның табысты болуының қажетті шарты болып табылады;

жеткіліктілік – барлық міндеттерді шешу ұлттық жобаны іске асыру үшін жеткілікті шарт болып табылады.

Әрбір міндеттің іске асырылу мерзімі ұлттық жобаның жоспарланған кезеңінен аспайды.

2) "№" деген 1-бағанда бірыңғай реттік нөмірі көрсетіледі;

3) "Атауы" деген 2-бағанда нәтижелер көрсеткіштерінің атау көрсетіледі.

Әрбір міндетке оған қол жеткізу дәрежесін айқындау үшін нәтиже көрсеткіштерінің жиынтығы (аралық және түпкі мәндерімен) сәйкес келеді. Нәтиже көрсеткішінің сапалық жағы тиісті салаларындағы (мемлекеттік басқарудың аяларындағы) аяаралық / салааралық сипаттағы мәселелерді шешу деңгейін, ал сандық жағы – олардың өлшенетін, абсолютті немесе шамамен алынған мәнін көрсетеді.

Нәтиже көрсеткіштері мынадай талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қаралады:

оларды жоспарлы кезеңдегі серпінде объективті бағалау және салыстыру мүмкіндігін беру;

барлық мүдделі тараптар үшін біркелкі түсінікті болу;

оларға қол жеткізуді бағалау үшін жеткілікті ақпараттық және техникалық ресурстардың болуы;

толық және барабар сипаттама беру;

қолжетімді және өлшемді болу;

мониторинг жүргізу және оларға қол жеткізуді бағалау үшін аралық мәндердің болуын қамтамасыз ету.

Ұлттық жобаны әзірлеуші мемлекеттік орган негізгі өзгерістерді, анықталған проблемалардың шешімін сипаттайтын және міндеттерге қол жеткізуді бағалау үшін қажетті нәтиже көрсеткіштерін ғана таңдайды.

Барлық келтірілген нәтижелер көрсеткіштері бойынша базалық (бастапқы) және жоспарланған мән (егер жоспарланған өзгерістер осындай нысанда тиімді көрсетілсе), сондай-ақ көрсеткіштің осы мәніне қол жеткізу үшін қажетті уақыт бойынша кезеңнің (жылдың) белгіленуі көрсетіледі.

4) "Өлшем бірлігі/Аяқталу нысаны" деген 3-бағанда және "Ақпарат көзі" деген 4-бағанда алдағы уақытта нәтижелер көрсеткіштеріне нақты қол жеткізілгенін дәлелдейтін өлшем бірліктері мен ақпарат көздері көрсетіледі. Аяқталу нысаны көрсеткіштің өлшем бірлігі болмаған жағдайда толтырылады.;

5) "Өткен жылғы факт" деген 5-бағанда және "Ағымдағы жылға баға" деген 6-бағанда жоспарлы кезеңге мәндерді жылдар бойынша серпінде айқындау мақсатында көрсеткіштердің өткен жылғы нақты деректері және ағымдағы жылға болжамды мәндері көрсетіледі;

6) 7-11-бағандарда ұлттық жобаны іске асырудың жоспарлы кезеңіне арналған нәтижелер көрсеткіштерінің болжамды мәндері көрсетіледі.

4. "Күтілетін әлеуметтік-экономикалық әсер, игілік алушыларға пайдасы" деген 4-бөлімде күтілетін нәтиже жөнінде ақпарат әлеуметтік және экономикалық әсер түрінде келесідей тәртіпте толтырылады:

1) "№" деген 1-бағанда әлеуметтік және экономикалық әсерлердің бірыңғай реттік нөмірі көрсетіледі;

2) "Атауы" деген 2-бағанда күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсерлердің атауы көрсетіледі.

Әлеуметтік нәтиже ұлттық жобаның игілік алушыларының үмітіне сәйкес келетін әлеуметтік маңызы бар нәтиже болып табылады.

Ұлттық жобаның күтілетін әлеуметтік әсері игілік алушылардың санатын, ұлттық жобаның кімге бағдарланғандығын және осы ұлттық жоба қандай проблемалар мен міндеттерді қанағаттандыруды көздейтінін, яғни ұлттық жобаны іске асырғанға дейінгі істің жағдайын ұлттық жобаны іске асыру кезеңі немесе бүкіл мерзімі аяқталған жағдаймен салыстыруды негізге ала отырып айқындалады. Өмір сүру сапасын арттыру адами капиталдың сапасын және халықтың өмір сүру деңгейін арттыруды, оның ішінде халықтың табысын арттыруды, көрсетілетін қызметтер мен инфрақұрылымға қолжетімділікті кеңейтуді көздейді.

Экономикалық әсер – бастапқы және жаңа технологияларды енгізу, ұйымдастырушылық-экономикалық іс-шаралардың нәтижесінде алынған қорытынды арасындағы экономикалық нәтижені немесе өсімді айқындайтын көрсеткіш.

Экономикалық әсер салық түсімдерінің ұлғаюын, тұрақты жаңа жұмыс орындарының құрылуын, тартылған инвестициялардың көлемін, тиісті салаға

салымның өсуін, мемлекеттік шығыстардың азаюын және ұлттық жобаның экономикалық әсерін сипаттайтын көрсеткіштерді білдіреді.

Күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсерді толтыру кезінде әрбір әсерді игілік алушылардың санаттары бойынша дұрыс көрсету қажет.

Әлеуметтік және экономикалық әсер сандық және/немесе сапалық тұрғыдан өлшенетін шамаларды білдіреді және ұлттық жобаны іске асыру нәтижесінде алынған оң өзгерістерді көрсетеді.

Әлеуметтік және экономикалық әсер қазіргі статистикалық ақпаратты, халықаралық индекстерді, әлеуметтанушылық зерттеулер нәтижелерін, әкімшілік деректерді және ресми деректерді есептеу әдістерін қолдана отырып айқындалады.

3) "Өлшем бірлігі" деген 3-бағанда күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсердің өлшем бірлігі көрсетіледі;

4) 4-8-бағандарда ұлттық жобадан жалпы күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсерлердің мәндері жылдар бойынша серпінде көрсетіледі. Әсерді кейінге қалдыру түрінде, бірақ ұлттық жобаны іске асырудың соңғы жылынан кеш емес көрсетуге жол беріледі.

5. "5. Ресурстар" деген бөлімде ұлттық жобаны іске асыруға қаржы ресурстарына қажеттілік келесідей тәртіпте жазылады:

1) "№" деген 1-бағанда бірыңғай реттік нөмірі көрсетіледі;

2) "Міндеттердің атауы" деген 2-бағанда ұлттық жобаның міндеттерінің атаулары көрсетіледі;

3) 3-7-бағандарда жылдар бойынша және алға қойылған міндеттердің бөлінісіндегі ұлттық жобаны іске асыру үшін қажетті қаражаттың көлемі көрсетіледі;

4) "Барлық қаржыландыру" деген 8-бағанда жоспарлы кезеңде әрбір міндеттерді іске асыру үшін қажетті жалпы сома көрсетіледі;

5) 9-11-бағанда "Қаржыландыру көзі" деген негізгі бағанда міндеттер бөлінісінде қаржыландыру көздері – республикалық бюджет, жергілікті бюджет, бюджеттен тыс қаражат көрсетіледі.

6) "БАРЛЫҒЫ, оның ішінде көздердің түрлері бойынша" деген жолда ұлттық жобаны іске асырудың жылдар бойынша және барлық кезеңіне ұлттық жобаның барлық міндеттері бойынша жиынтық қаржы көлемі көрсетіледі.

7) "республикалық бюджет", "жергілікті бюджет", "бюджеттен тыс қаражат" деген жол бойынша қаржыландыру көздері бойынша есептелген қажеті қаражаттың барлық көлемі көрсетіледі.

"*" белгісі бар көрсетілген жолдардағы бағандар толтыруды қажет етпейді.

Ұлттық жобаның міндеттері бойынша талап етілетін қаржы ресурстарының болжамды көлемі осы бірлескен Тәртіпке 5-қосымшаға сәйкес қалыптастырылатын Ұлттық жобаны іске асыру кесте-жоспарының негізінде жалпы сомамен қалыптастырылады.

4) "Өкілеттік" деген 4-бағанда өздеріне бекітілген міндеттерге және нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуі қажет және қол жеткізілуін қамтамасыз ететін жоғарыда аталған тұлғалардың негізгі өкілеттіктерінің шеңбері көрсетіледі.

[illegible]

тұрақт ы жұмы с орынд арын құру *												
уақыт ш а жұмы с орынд арын құру*												
№ 2 міндет												
№ 2 көрсет кіш												
В іс-шар асы												
...												
тұрақт ы жұмы с орынд арын құру *												
уақыт ш а жұмы с орынд арын құру*												
Барлы ғы, оның ішінде		*	*	*	*							
РБ		*	*	*	*						*	*
ЖБ		*	*	*	*					*		*
Бюдж еттен												
		*	*	*	*						*	

тыс қараж ат											*		
--------------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	---	--	--

Ұлттық жобаны іске асыру
жоспар-кестесінің нысанына
қосымша

Ұлттық жобаны іске асыру жоспар-кестесін толтыру бойынша түсіндірмелер

Ұлттық жобаны іске асыру жоспар-кестесі мынадай жолмен толтырылады:

1. Тақырыптың "(атауы)" деген жолда ұлттық жобаның толық атауы көрсетіледі;

2. "Міндет" деген жолда:

1) "Атауы" деген 1-бағанда ұлттық жобаның міндеттерінің атаулары көрсетіледі;

2) "Жауапты орындаушылар" деген 2-бағанда Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ұлттық жобаның әрбір міндетін шешуге дербес жауапкершілік бекітілген лауазымды адамдар көрсетіледі;

3) "Аяқтау мерзімі/Аяқталу нысаны" деген 3-бағанда ұлттық жоба міндетін іске асырудың жоспарлы күні көрсетіледі;

4) 5, 7-10-бағандарда жылдар бөлінісінде міндеттерді іске асыру үшін қаржыландырудың болжамды сомасы миллион теңгеде көрсетіледі;

5) 6-бағанда өткен жылғы қаржыландырудың нақты сомасына қатысты міндеттерді қаржыландырудың болжамды сомасының серпіні көрсетіледі. Нақты мәндер болмаған жағдайда бұл баған толтырылмайды;

6) "Барлық қаржыландыру" деген 11-бағанда міндет нәтижелерінің көрсеткіштері бойынша қаржыландыру сомасы ретінде қалыптастырылатын, міндетті іске асыру үшін қаржыландырудың жалпы болжамды сомасы көрсетіледі;

7) 12, 13 және 14-бағандарда қаржыландыру көздері бойынша қаржыландырудың жалпы болжамды сомалары көрсетіледі: республикалық бюджет, жергілікті бюджет және бюджеттен тыс қаражаттар;

3. "Көрсеткіш" деген жол бойынша:

1) "Атауы" деген 1-бағанда ұлттық жоба нәтижесі көрсеткішінің атауы өлшем бірлігімен бірге көрсетіледі;

2) "Жауапты орындаушылар" деген 2-бағанда Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес нәтиже көрсеткішіне қол жеткізу үшін дербес жауапкершілік бекітілген лауазымды тұлғалар көрсетіледі;

3) "Аяқтау мерзімі" деген 3-бағанда ұлттық жобаның көрсеткішіне қол жеткізудің жоспарлы мерзімі көрсетіледі;

4) "Алдыңғы жылдың фактісі" деген 4-бағанда жоспарлы кезеңнің өткен жылындағы нәтиже көрсеткішінің нақты мәні көрсетіледі;

5) 5, 7-10-бағандар бойынша жылдар бойынша нәтиже көрсеткішінің жоспарлы мәндері көрсетіледі, 6-бағанда өткен жылдың нақты мәніне қатысты нәтиже көрсеткішінің жоспарлы мәнінің серпіні көрсетіледі.

6) "Барлық қаржыландыру" деген 11-бағанда нәтижеге қол жеткізу үшін қажетті іс-шаралар бойынша қаржыландыру сомасы ретінде қалыптастырылатын нәтиже көрсеткішін іске асыру үшін қаржыландырудың жалпы болжамды сомасы көрсетіледі;

7) 12, 13 және 14-бағандарда қаржыландыру көздері бойынша: республикалық бюджет, жергілікті бюджет және бюджеттен тыс қаражат бойынша болжамды қаржыландыру сомалары көрсетіледі;

4. "Іс-шара" деген жол бойынша толтыру ұлттық жобаның әрбір міндетінің нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қажетті біртекті белгілері бойынша топтастырылған іс-шаралар бөлінісінде жүзеге асырылады:

1) "Атауы" деген 1-бағанда ұлттық жоба іс-шарасының атауы көрсетіледі;

2) "Жауапты орындаушылар" деген 2-бағанда Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес іс-шара үшін дербес жауапкершілік бекітілген лауазымды адамдар көрсетіледі;

3) "Аяқтау мерзімі/аяқталу нысаны" деген 3-бағанда іс-шараны орындаудың жоспарлы мерзімі мен аяқталу нысаны (іс-шараның аяқталғаны неден көрінетінін ашып көрсететін сапалық сипаттама) көрсетіледі;

4) "Алдыңғы жылдың фактісі" деген 4-бағанда жоспарлы кезеңнің өткен жылы нақты жұмсалған қаражат сомасы көрсетіледі (бар болса);

5) 5, 7-10-бағандар бойынша іс-шараның сандық өлшемі (км жол) және жылдар бойынша осы іс-шараны қаржыландырудың болжамды сомасы (млн теңге) көрсетіледі;

6) 6-баған толтырылмайды;

7) "Барлық қаржыландыру көзі" деген 11-бағанда қаржыландыру көздері бөлінісінде жобаны іске асырудың барлық жылдары бойынша қаржыландыру сомасы ретінде қалыптастырылатын іс-шараны іске асыру үшін жалпы қаржыландыру сомасы көрсетіледі;

8) 12, 13 және 14-бағандарда қаржыландыру көздері бойынша: республикалық, жергілікті бюджет және бюджеттен тыс қаражат бойынша қаржыландырудың болжамды сомалары көрсетіледі;

9) жұмыс орындарын құруды көздейтін іс-шаралар, міндеттер бойынша "Жұмыс орындарын құру: тұрақты және уақытша" деген жолдар жылдар бойынша міндетті түрде толтырылады;

10) "республикалық бюджет", "жергілікті бюджет", "бюджеттен тыс қаражат" деген жолдар бойынша аталған қаржыландыру көздері бойынша қажетті қаражаттың жиынтық көлемі көрсетіледі.

"*" белгісімен көрсетілген жолдардағы бағандар толтыруды қажет етпейді.

Тұжырымдамаларды, ұлттық жобаларды, доктриналарды (стратегияларды), мемлекеттік бағдарламаларды, кешенді жоспарларды, жол карталарын әзірлеу, іске асыру, түзету және мониторингтеу тәртібіне
6-қосымша

Нысан

_____ жылға (есепті кезең) _____
_____ (ұлттық жобаның атауы) ұлттық жобасын іске асыру бойынша _____
_____ (мемлекеттік органның атауы)
жыл сайынғы есебі

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.06.2026 № 158 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша

Атауы	Жауапты орындаушылар	202Y			Ескертпе
		Жоспар	Факт	Жоспарға қатысты %	
1	2	3	4	5	6
I. №п стратегиялық көрсеткіші					
№1 міндет		*	*	*	
№1 көрсеткіш					
A жобасы		**	**		
№2 міндет		*	*	*	
№2 көрсеткіш					
B жобасы		**	**		
...					

2. Өлеуметтік-экономикалық әсер

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Жоспар	Факт	Ескерту
1	2	3	4	5	6
	Өлеуметтік әсер				
	Экономикалық әсер				

3. Мемлекеттік қолдау шараларын алушылар туралы ақпарат

Жыл	БСН \ ЖСН	Кәсіпорынның атауы / мемлекеттік шара алушы	Өңір	Кәсіпорынның өлшемі (ірі/орта/шағын/ЖК)	Сала	Қызмет түрі (ЭҚТЖ)	Қолдау шараларын алған күн	Қолдау шарасы	Қолдаудың нысаналы мақсаты	Қолдаудың жалпы сомасы, млн теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Базалық жыл										
n жыл										

кестенің жалғасы

Жаңа құрылған жұмыс орындары		Кәсіпорынның кірісі, млн теңге		Төленген салық сомасы, млн теңге		Өнім шығару, млн теңге		Өнім экспорты, млн теңге	
жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт	жоспар	факт
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21

4. Қаржы қаражатын игеру

Қаржыландыру көзі	Жоспар, млн теңге	Факт, млн теңге	Пайдаланылмау себебі
1	2	3	4
1-міндет			
Республикалық бюджет			
Жергілікті бюджет			
Бюджеттен тыс қаражат			
....			
n -міндет			
Республикалық бюджет			
Жергілікті бюджет			
Бюджеттен тыс қаражат			
Жиыны			
Республикалық бюджет			
Жергілікті бюджет			
Бюджеттен тыс қаражат			

5. Талдамалық жазба

Ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі жыл сайынғы есеп нысанына қосымша

Ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі жыл сайынғы есепті толтыру бойынша түсіндірмелер

Ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі жыл сайынғы есепті ұлттық жобаны әзірлеуші мемлекеттік орган және бірлесіп орындаушылар толтырады.

Ұлттық жобаны бірлесіп орындаушылар ұлттық жобаны іске асыру жоспар-кестесінде жауапты ретінде бекітілген жобалар бойынша ғана есеп толтырады.

1. Тақырыбында "(мемлекеттік органның атауы)", "(ұлттық жобаның атауы)" және "(есепті кезең)" деген жолдар бойынша тиісінше есепті ұсынатын мемлекеттік органның (әзірлеуші мемлекеттік органның немесе бірлесіп орындаушының), ұлттық жобаның атаулары және есепті қалыптастыратын есепті жыл көрсетіледі.

2. "1. Нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша" деген бөлім бойынша:

1) "Атауы" деген 1-бағанда ұлттық жобаның міндеттерінің, нәтижелер көрсеткіштерінің және жобаларының атауы көрсетіледі;

2) "Жауапты орындаушылар" деген 2-бағанда Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ұлттық жобаның міндеттеріне, нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге және жобаларын іске асыруға жауапты лауазымды адамдар көрсетіледі;

3) "жоспар" деген 3-бағанда және "факт" деген 4-бағанда "Көрсеткіш" деген жолдар бойынша есепті кезеңде (бір жыл ішінде) нәтиже көрсеткішінің жоспарлы және нақты қол жеткізілген мәндері, ал "Жоба" деген жолдар бойынша жобаларды іске асыруға пайдаланылған бюджет қаражатының жоспарлы және нақты сомалары көрсетіледі;

4) "жоспарға қатысты %" деген 5-бағанда "Көрсеткіш" деген жолдар бойынша жоспарға қатысты нақты мәндердің үлесі түріндегі нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу серпіні, ал "Жоба" деген жолдар бойынша есепті кезеңдегі нақты пайдаланылған бюджет қаражаты сомаларының жоспарлы қаражатқа арақатынасы ретінде жобаларды орындау серпіні көрсетіледі;

5) "Міндет" деген жолдар бойынша 3, 4 және 5-бағандар толтырылмайды;

6) "Ескертпе" деген 6-бағанда "Көрсеткіш" деген жолдар бойынша "Қол жеткізілді" немесе "Қол жеткізілмеді" деген нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу мәртебесі және нәтижелер көрсеткіштерінің жоспарланған мәндеріне қол жеткізбеу себептері көрсетіледі, "Жоба" деген жолдар бойынша "Орындалды", "Ішінара орындалды", "Орындалмады" деген жобалардың орындалу мәртебесі және орындалмау себептері көрсетіле отырып, жобалардың орындалу барысы көрсетіледі.

3. "2. Әлеуметтік-экономикалық әсер" деген бөлім бойынша:

1) "№" деген 1-бағанда өтпелі реттік нөмірі көрсетіледі;

2) "Атауы" деген 2-бағанда ұлттық жобаны іске асырудан алынған әлеуметтік әсер және экономикалық әсер бөлінісінде сапалық және сандық көріністегі әсер көрсетіледі;

3) "Өлшем бірлігі" деген 3-бағанда күтілетін нәтиженің өлшем бірлігі көрсетіледі;

4) "Жоспар" деген 4-бағанда ұлттық жобаны іске асырудан күтілетін әсердің жоспарлы сандық немесе сапалық мәні көрсетіледі;

5) "Факт" деген 5-бағанда есепті кезеңде ұлттық жобаны іске асырудан нақты алынған әсер сандық немесе сапалық мәнде көрсетіледі;

6) "Ескертпе" деген 6-бағанда күтілетін әсерге қол жеткізілмеген жағдайда оған қол жеткізбеу себебі көрсетіледі.

4. "3. Мемлекеттік қолдау шараларын алушылар бойынша ақпарат" деген бөлім ұлттық жоба шеңберінде мемлекеттік қолдау шаралары іске асырылған жағдайда қарсы міндеттемелер бойынша мынадай түрде толтырылады:

1) "Жыл" деген 1-бағанда мемлекеттік қолдау шарасын алған жылы көрсетіледі;

2) "БСН/ЖСН" деген 2-бағанда заңды тұлға (филиал және өкілдік) үшін қалыптастырылатын және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкердің бірегей нөмірі немесе қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын, мемлекеттік қолдау шараларын алушының бірегей нөмірі көрсетіледі;

3) "Кәсіпорынның/мемлекеттік шараларды алушының атауы" деген 3-бағанда мемлекеттік қолдау шараларын алған кәсіпорындардың атауы және жеке тұлғалардың аты, әкесінің аты (бар болса), тегі көрсетіледі;

4) "Өңір" деген 4-бағанда астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың атауы көрсетіледі;

5) "Кәсіпорынның өлшемділігі (ірі/орта/шағын/ЖК)" деген 5-бағанда кәсіпорындар үшін Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының өлшемділік сыныптауышына сәйкес жұмыспен қамтылғандар саны бойынша өлшемділік көрсетіледі, жеке тұлғалар бойынша "Жеке кәсіпкер" мәртебесі көрсетіледі;

6) "Сала" деген 6-бағанда кәсіпорынның және мемлекеттік қолдау шараларын алушы жеке тұлғаның қызметіне байланысты саланың атауы көрсетіледі;

7) "Қызмет түрі (ЭҚЖЖ)" деген 7-бағанда экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес қызмет түрінің атауы көрсетіледі;

8) "Қолдау шараларын алған күн" деген 8-бағанда мемлекеттік қолдау шарасын алған күн көрсетіледі;

9) "Қолдау шарасы" деген 9-бағанда оны алушыға көрсетілген мемлекеттік қолдау шарасының атауы (мысалы, субсидиялау, кепілдік беру және мемлекеттік қолдаудың басқа да шаралары) көрсетіледі;

10) "Қолдаудың нысаналы мақсаты" деген 10-бағанда мемлекеттік қолдау мақсатының сипаттамасы көрсетіледі (мысалы, мемлекеттік қолдау неге бағытталған – тұқым, ЖЖМ, техникалар және т. б. сатып алу);

11) "Қолдаудың жалпы сомасы, млн теңге" деген 11-бағанда мемлекеттік қолдау көрсетуге бағытталған бюджет қаражатының жалпы сомасы көрсетіледі;

12) "Жаңа жұмыс орындары құрылды" деген негізгі бағанның "жоспар" деген 12-бағанында және "факт" деген 13-бағанында мемлекеттік қолдау шараларын пайдалану нәтижесінде (мемлекеттік қолдау шараларын алу кезеңі (жылдар бойынша) бөлінісінде) алынған құрылған жұмыс орындарының жоспарланған және нақты саны көрсетіледі;

13) "Кәсіпорынның кірістері, млн теңге" деген негізгі бағанның "жоспар" деген 14 және "факт" деген 15-бағандарында мемлекеттік қолдау шараларын пайдалану нәтижесінде (мемлекеттік қолдау шараларын алу кезеңі (жылдар бойынша) бөлінісінде) алынған кірістердің жоспарланған және нақты сомасы көрсетіледі;

14) "Төленген салықтардың сомасы" деген негізгі бағанның "жоспар" деген 16 және "факт" деген 17-бағандарында мемлекеттік қолдау шараларын пайдалану нәтижесінде алынған кәсіпорындар мен дара кәсіпкердің кірістері бойынша бюджетке төленген салықтардың жоспарлы және нақты сомасы көрсетіледі (мемлекеттік қолдау шараларын алу кезеңі (жылдары бойынша) бөлінісінде);

15) "Өнім шығару, млн теңге" деген негізгі бағанның "жоспар" деген 18 және "факт" деген 19-бағандарында мемлекеттік қолдау шараларын пайдалану қорытындылары бойынша алынған, шығарылған өнімнің жоспарлы және нақты көлемі көрсетіледі;

16) "Өнім экспорты, млн теңге" деген негізгі бағанның "жоспар" деген 20 және "факт" деген 21-бағандарында шығарылған өнімнің жалпы көлемінен экспортқа бағытталған өнімнің жоспарлы және нақты көлемі көрсетіледі.

Экспортты жүзеге асырмайтын кәсіпорындар мен дара кәсіпкерлер соңғы бағанды толтырмайды;

17) "Базалық жыл" деген жол бойынша мемлекеттік қолдау шарасын алудың бірінші жылы бойынша ақпарат көрсетіледі, "n жыл" деген жолда мемлекеттік қолдау шарасын алудың кейінгі жылдары бөлінісінде ұқсас ақпарат көрсетіледі.

"Базалық жыл" және "n жыл" деген жолдар өткен жылғы ұлттық жобаны іске асыру туралы есепті қалыптастыру кезінде толтырылады. Кейінгі жылдары бұл жолдар тек есепті кезеңде толтырылады.

5. "Қаржы қаражатын игеру" деген 4-бөлім бойынша:

1) "Қаржыландыру көзі" деген 1-бағанда ұлттық жобаны қаржыландыру көзі міндеттер бөлінісінде – республикалық бюджет, жергілікті бюджет, бюджеттен тыс қаражат бөлінісінде көрсетіледі ;

2) "Жоспар, млн теңге" деген 2-бағанда қаржыландыру көздері бөлінісінде есепті жылға жоспарланған қаржы қаражатының сомасы миллион теңгемен көрсетіледі;

Егер ұлттық жобаны қаржыландыру көзі республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты болып табылса, осы бағанда түзетілген бюджет сомасы көрсетіледі;

3) "Факт, млн теңге" деген 3-бағанда есепті жылдағы қаржы қаражатын нақты игеру сомалары қаржыландыру көздері бөлінісінде миллион теңгемен келтіріледі;

4) "Пайдаланылмау себептері" деген 4-бағанда қаржы қаражатын игермеу себептері көрсетіледі;

5) "Жиыны" деген жолда ұлттық жобаны іске асыруға есепті жылдың соңына жоспарланған және игерілген және қаржыландыру көздері бөлінісіндегі қаржы қаражатының жиынтық сомасы көрсетіледі.

6. "5. Талдамалық жазба" деген бөлім еркін нысанда мәтіндік түрде толтырылады және мыналарды:

1) міндеттер нәтижелерінің жоспарланған және нақты қол жеткізілген көрсеткіштері, сондай-ақ оларға қол жеткізбеу себептері туралы;

2) қаржыландыру көздері бойынша бөліністе есепті кезеңде бөлінген және игерілген қаражатты көрсете отырып, орындалған және орындалмаған жоспарланған іс-шаралар туралы (құжат іске асырылған сәттен бастап барлық кезең үшін), сондай-ақ (іс-шаралар орындалмаған жағдайда) олардың орындалмау себептері және ұлттық жобада айқындалған белгіленген міндеттер мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге әсері туралы түсініктемелер туралы;

3) базалық кезеңмен салыстырғанда серпінде игілік алушылардың қанағаттану деңгейі туралы (құжат іске асырғанға дейінгі сәтте тиісті көрсеткіштердің мәні туралы

ақпарат болған кезде, ол болмаған жағдайда – құжатты іске асырудың бірінші жылы базалық болып танылады);

4) жүргізілген бақылау іс-шаралары, мемлекеттік аудит, сараптамалық-талдамалық іс-шаралар туралы және бақылау іс-шаралары мен мемлекеттік аудиттің қорытындылары бойынша орындалған ұсынымдар туралы ақпаратты қамтиды.

Құжатты іске асыру бюджеттік инвестицияларды іске асырумен байланысты жағдайларда, ұлттық жобаны әзірлеуші іске асыру туралы есепте құжатты іске асыру жөніндегі іс-шаралардың орындалу дәрежесін айқындау жөніндегі көшпелі іс-шаралардың нәтижелері туралы мәліметтерді көрсетеді;

5) шешілуіне құжат бағытталған проблемалар мен міндеттердің шешілу дәрежесі туралы ақпаратты, сондай-ақ тұжырымдар мен ұсыныстарды, оның ішінде ұлттық жобаны түзету қажеттігіне, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына талап етілетін өзгерістерге және басқаларға қатысты ақпаратты көрсете отырып, ұлттық жобаның іске асырылу барысына жинақталған талдауды қамтиды.

Мемлекеттік қолдау шаралары болған кезде талдамалық есепте мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін салалық бақылау нәтижелері туралы ақпарат, сондай-ақ ұлттық жобада мемлекеттік қолдау шаралары болған кезде әрбір мемлекеттік қолдау шарасынан алынған әлеуметтік-экономикалық әсер туралы ақпарат қосымша көрсетіледі.

Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін салалық бақылау нәтижелері туралы ақпарат саланы/аяны құрылымдық талдау негізінде шығындар мен нәтижелердің сандық талдауын және мемлекеттік қолдау шараларын алушыларды сүйемелдеу жөніндегі мемлекеттік қолдау шаралары операторлары қызметінің тиімділігін ескере отырып, әрбір мемлекеттік қолдау шарасы бөлінісінде бөлінген қаражаттың тиімділігі туралы ақпаратты қамтиды.

Тұжырымдамаларды, ұлттық
жобаларды, доктриналарды
(стратегияларды), мемлекеттік
бағдарламаларды, кешенді
жоспарларды, жол карталарын
әзірлеу, іске асыру, түзету және
мониторингтеу тәртібіне
7-қосымша

Нысан

_____ (атауы) мемлекеттік бағдарламасы

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.06.2026 № 158 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Паспорт

1. Атауы

4.	n-іс-ша ра											
	БАРЛ ЫҒЫ, оның ішінде көздер дің түрлер і бойын ша											
	Респуб ликал ы қ бюдже т							*	*	*	*	
	Жергіл ікті бюдже т						*		*	*	*	
	Бюдже ттен тыс қаража ттар						*	*		*	*	
	Ұлтты қ қор						*	*	*			*
	Басқа көздер						*	*	*	*		

Мемлекеттік бағдарлама
нысанына қосымша

Мемлекеттік бағдарламаны толтыру бойынша түсіндірмелер

1. Тақырыпта "(атауы)" деген жол бойынша мемлекеттік бағдарламаның атауы көрсетіледі.

2. "1. Паспорт" деген бөлімде мемлекеттік бағдарламаның негізгі параметрлері баяндалады:

1) "1. Атауы" деген жолда мемлекеттік бағдарламаның толық атауы көрсетіледі;

2) "2. Әзірлеу үшін негіздеме" деген жолда Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмаларының деректемелері (нөмірі, күні, бар болса тармағы) көрсетіледі;

3) "3. Әзірлеуші мемлекеттік органның және бірлесіп орындаушылардың атауы" деген жолда мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға жауапты әзірлеуші мемлекеттік органның және бірлесіп орындаушылардың атаулары көрсетіледі;

4) "4. Мақсаттар" және "5. Міндеттер" деген жолдарда мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаттары мен міндеттері көрсетіледі;

5) "6. Іске асыру тәсілдері мен мерзімдері" деген жолда мемлекеттік бағдарламаны іске асыру тәсілдері мен мерзімдері көрсетіледі;

6) "7. Қаржыландыру көздері мен көлемдері" деген жолда мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаржыландыру көздері мен көлемі (республикалық бюджет, жергілікті бюджет, Ұлттық қор, бюджеттен тыс қаражат, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері) қаржыландыру көздері бөлінісінде миллион теңгемен көрсетіледі.

3. "2. Ағымдағы жағдайды талдау" деген бөлімде мәтіндік нысанда қызмет саласының ағымдағы жағдайын бағалау, сондай-ақ негізгі проблемалар мен үдерістер көрсетіледі.

4. "3. Мақсаттары, міндеттері, тәсілдері мен іске асыру мерзімдері" деген бөлімде мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты, міндеттері, іс-шаралары және оларды іске асыру мерзімдері көрсетіледі:

1) "Негізгі мақсат" деген жол бойынша жоспарлы кезеңнің соңына қарай қызмет саласының жай-күйін пайымдауды білдіретін және оны осы бағытта дамытудың сапалық бағдары болып табылатын мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты көрсетіледі.

Негізгі мақсат нақты тұжырымдалуы керек, болжанатын іс-шаралардың барлық спектрін қамтуы және нәтижелерді көрсетуі керек;

2) "Бағыт" деген жолдарда қажет болған кезде мемлекеттік бағдарламаның бағыты көрсетіледі;

3) "Міндет" деген жолдарда міндеттің атауы көрсетіледі;

4) "Атауы" деген бағанда мемлекеттік бағдарлама іс-шараларының атауы көрсетіледі;

5) "Аяқталу нысаны" деген бағанда іс-шаралардың аяқталу нысаны (іс-шараның аяқталуын көрсететін іс-шараның сапалық сипаттамасы) көрсетіледі;

6) "Жауапты орындаушылар" деген бағанда мемлекеттік бағдарлама іс-шараларының орындалуына жауапты орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, ведомстволық бағынысты ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсетіледі;

7) "Орындалу мерзімі" деген бағанда іс-шараларды орындаудың жоспарланған мерзімдері көрсетіледі.

Егер көзделген іс-шаралар бойынша аяқталу нысаны жоғары тұрған органдарға хабарлау болып табылған жағдайда, онда осы іс-шаралардың орындалу мерзімдері бір-біріне сәйкес келеді және жалпы мемлекеттік бағдарлама бойынша жоғары тұрған органдарға хабарлау жылына екі реттен аспайды;

8) "Қаржыландыру көлемі" деген бағанда іс-шараларды қаржыландырудың жоспарланатын көлемі (млн теңге) не республикалық, жергілікті бюджетте, бюджеттен тыс немесе басқа да көздерде көзделген қаражат шегінде көрсетіледі;

9) "Қаржыландыру көздері" деген бағанда іс-шаралар бөлінісінде қаржыландыру көзі – республикалық бюджет, жергілікті бюджет, Ұлттық қор, бюджеттен тыс қаражат немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздері көрсетіледі.

5. "5. Қажетті ресурстар" деген бөлімде іс-шаралар мен қаржыландыру көздері бөлінісінде мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін қаржы ресурстарына қажеттілік миллион теңгемен көрсетіледі:

1) "№" деген бағанда өтпелі реттік нөмірі көрсетіледі;

2) "Атауы" деген бағанда мемлекеттік бағдарламаның міндеттері мен іс-шараларының атауы көрсетіледі;

3) "Қажетті қаражат (жылдар бойынша)" деген негізгі бағанның 3-7-бағандарында мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жылдары бойынша іс-шараларды орындау/қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін қажетті қаражат көлемі көрсетіледі;

4) "Барлық қаржыландыру" деген бағанның 8-бағанында іс-шараларды орындау/мемлекеттік бағдарламаның қойылған міндеттеріне қол жеткізу үшін қажетті қаражаттың жалпы көлемі көрсетіледі;

5) "Қаржыландыру көзі" деген негізгі бағанның 9-13-бағандарында қаржыландыру көздері бөлінісінде міндеттер мен іс-шараларды қаржыландыру сомасы көрсетіледі;

6) "БАРЛЫҒЫ, оның ішінде көздердің түрлері бойынша" деген жолда мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың жылдар бойынша және қаржыландыру көздері бойынша қорытынды сомасы көрсетіледі;

7) "Республикалық бюджет", "Жергілікті бюджет", "Бюджеттен тыс қаражат", "Ұлттық қор" және "Басқа да көздер" деген жолдарда "*" белгісі бар бағандар толтырылмайды.

Тұжырымдамаларды, ұлттық
жобаларды, доктриналарды
(стратегияларды), мемлекеттік
бағдарламаларды, кешенді
жоспарларды, жол карталарын
әзірлеу, іске асыру, түзету және
мониторингтеу тәртібіне
8-қосымша

Нысан

жылға арналған (жоспарлы кезең)

(саланың атауы) кешенді жоспары

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.06.2026 № 158 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Паспорт

1	Атауы					
2	Әзірлеу үшін негіздеме					
3	Іске асыру мерзімдері					
4	Әзірлеуші мемлекеттік органның және бірлесіп орындаушылардың атауы					
5	Оларды шешу бойынша негізгі проблемалар мен міндеттерді көрсете отырып, кешенді жоспарды қабылдау қажеттілігі жөнінде қысқаша ақпарат					
№	Атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көлемі	Қаржыландыру көздері
Күтілетін нәтижелер:						
1)						
2)						
...						
n)						
Бағыт						
1.	1-іс-шара					
2.	n- іс-шара					
3.	n- іс-шара					
Бағыт						
4.	1- іс-шара					
5.	n- іс-шара					
6.	n- іс-шара					

Кешенді жоспар
нысанына қосымша

Кешенді жоспарды толтыру бойынша түсіндірмелер

1. Тақырыпта "(саланың атауы)" және "(жоспарлы кезең)" деген жолдар бойынша дамуына кешенді жоспар бағытталған саланың атауы және оны іске асыру мерзімі көрсетіледі.

2. Кешенді жоспардың паспорты келесідей толтырылады:

1) "Атауы" деген жол бойынша кешенді жоспардың толық атауы көрсетіледі;

2) "Әзірлеу үшін негіздеме" деген жол бойынша іске асырылуы кешенді жоспарды әзірлеуді қамтамасыз етілетін Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Премьер-Министрінің тапсырмаларының деректемелері, оның нөмірі, күні, бар болса тармағы көрсетіледі;

3) "Іске асыру мерзімі" деген жол бойынша кешенді жоспарды іске асырудың жоспарлы кезеңі көрсетіледі;

4) "Әзірлеуші мемлекеттік органның және бірлесіп орындаушылардың атауы" деген жолда мерзімі бойынша әзірлеуші мемлекеттік органның және кешенді жоспарды іске асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың – бірлесіп орындаушылардың атаулары көрсетіледі;

5) "Негізгі проблемалар мен оларды шешу жөніндегі міндеттерді көрсете отырып, кешенді жоспарды қабылдау қажеттілігі туралы қысқаша ақпарат" деген жол бойынша саладағы ағымдағы ахуал, оның негізгі проблемалары және оны шешу жөніндегі міндеттер бойынша ақпарат көрсетіледі.

3. Кешенді жоспар кестелік нысанда келесідей толтырылады:

1) "Күтілетін нәтижелер" деген жол бойынша кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде қол жеткізілетін оң өзгерістерді сипаттайтын күтілетін нәтижелер көрсетіледі;

2) "Бағыт" деген жолдарда кешенді жоспардың негізгі бағыттарының атауы көрсетіледі.

Әрбір бағыт "Іс-шара" деген бағанда көрсетілетін іс-шараларға бөлінеді;

3) "№" және "Атауы" деген бағандарда өтпелі нөмірдегі кешенді жоспар іс-шараларының атауы көрсетіледі;

4) "Аяқталу нысаны" деген бағанда іс-шаралардың аяқталу нысаны (іс-шараның аяқталуын білдіретін іс-шараның сапалық сипаттамасы) көрсетіледі;

5) "Жауапты орындаушы" деген бағанда іс-шаралардың орындалуына жауапты орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, ведомстволық бағынысты ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсетіледі;

6) "Орындалу мерзімі" деген бағанда іс-шараларды орындаудың жоспарланған мерзімдері көрсетіледі.

Егер көзделген іс-шаралар бойынша аяқталу нысаны жоғары тұрған органдарға хабарлау болып табылған жағдайда, онда осы іс-шараларды орындалу мерзімдері бір-біріне сәйкес келеді және жалпы кешенді жоспар бойынша жоғары тұрған органдарға хабарлау жылына екі реттен аспайды;

7) "Қаржыландыру көлемі" деген бағанда іс-шараларды қаржыландырудың жоспарланатын көлемі (млн теңге) не республикалық, жергілікті бюджетте, бюджеттен тыс немесе басқа да көздерде көзделген қаражат шегінде көрсетіледі;

8) "Қаржыландыру көздері" деген бағанда осы іс-шараны қаржыландыру көзі (республикалық бюджет, жергілікті бюджет қаражаты, бюджеттен тыс қаражат) көрсетіледі.

Тұжырымдамаларды, ұлттық
жобаларды, доктриналарды
(стратегияларды), мемлекеттік
бағдарламаларды, кешенді
жоспарларды, жол карталарын

Нысан

жол картасы (атауы)

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 25.06.2026 № 158 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушыла р	Қаржыландыр у көлемі	Қаржыландыр у көздері
Күтілетін нәтижелер:						
1)						
2)						
...						
n)						
Бағыт						
1.	1-іс-шара					
2.	n- іс-шара					
3.	n- іс-шара					
Бағыт						
4.	1- іс-шара					
5.	n- іс-шара					
6.	n- іс-шара					

Жол картасының нысанына
қосымша

Жол картасын толтыру бойынша түсіндірмелер

Жол картасы келесідей толтырылады:

- 1) "(атауы)" деген жол бойынша тақырыпта жол картасының атауы көрсетіледі;
- 2) "№" деген бағанда өтпелі реттік нөмірі көрсетіледі;
- 3) "Атауы" деген бағанда жолдарға сәйкес күтілетін нәтижелердің, жол картасының негізгі бағыттары мен іс-шараларының атаулары көрсетіледі.

Күтілетін нәтижелер Жол картасын іске асыру нәтижесінде қол жеткізілетін оң өзгерістерді сипаттайды. Әр бағыт іс-шараларға бөлінеді;

4) "Аяқталу нысаны" деген баған "Іс-шара" деген жолдар бойынша толтырылады және іс-шараның аяқталуын білдіретін іс-шараның сапалық/сандық сипаттамасы көрсетіледі.

Егер көзделген іс-шаралар бойынша аяқталу нысаны жоғары тұрған органдарға хабарлау болып табылған жағдайда, онда осы іс-шаралардың орындалу мерзімдері

бір-біріне сәйкес келеді және жалпы Жол картасы бойынша жоғары тұрған органдарға хабарлау жылына екі реттен аспайды;

5) "Орындалу мерзімі" деген бағанда іс-шараларды орындаудың жоспарланған мерзімдері көрсетіледі;

6) "Жауапты орындаушы" деген бағанда іс-шаралардың орындалуына жауапты мемлекеттік органдар, оған ведомстволық бағынысты ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері көрсетіледі.

Іс-шараларды орындау бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері бірлесіп орындаушылар ретінде көрсетіледі;

7) "Қаржыландыру көлемі" деген бағанда іс-шараларды қаржыландырудың жоспарланатын көлемі (млн теңге) не республикалық, жергілікті бюджетте, бюджеттен тыс немесе басқа да көздерде көзделген қаражат шегінде көрсетіледі;

8) "Қаржыландыру көздері" деген бағанда осы іс-шараны қаржыландыру көзі көрсетіледі (республикалық бюджет қаражаты, жергілікті бюджет қаражаты, бюджеттен тыс қаражат).